



www.facebook.com/syrboyi.kz/



www.instagram.com/syrboyi\_kz



htt...yi



t.me/syrboyi\_kz

## ПРЕЗИДЕНТ



### КОРПОРАЦИЯ ПРЕЗИДЕНТІН ҚАБЫЛДАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев SINOPEC корпорациясының президенті Юй Баоцайды қабылдады.

Мемлекет басшысына SINOPEC компаниясының еліміздегі қызметінің қорытындысы және алдағы кезеңге арналған жоспары жөнінде мәлімет берілді. Әңгімелесу барысында геологиялық барлау және мұнай-газ химиясы өнімдерін

өндіру салаларындағы ынтымақтастық перспективалары талқыланды.

Президент отандық компаниялардың SINOPEC корпорациясымен өзара іс-әрекеті Қазақстан мен Қытайдың стратегиялық серіктестігін нығайтуға ықпал ететініне сенім білдірді.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев энергетика және химия салаларындағы бірлескен жобаларды жүзеге асыру кезінде су үнемдейтін технологияларды енгізу маңызды екеніне назар аударды.

## ЕЛ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

### САРБАЗДАРҒА ЖЕҢІЛДІК

Бұған дейін айтылғандай, мерзімді әскери борышын өтеуге шақырылған азаматтарға кредиттік демалыс беру іске асырылып жатыр. Бұл туралы ҚР Қарулы күштері Бас штабы ұйымдастыру-жұмылдыру жұмыстары департаментінің бастығы Бауыржан Артықовтың мәлімдемесін ҚазАқпарат хабарлады.

– Бүгінгі таңда мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерге кредиттік демалыстар ұсыну бойынша іс-шаралар іске асырылуда. Атап айтқанда, 2022-2023 жылдары 3,2 млрд теңге көлемінде 20 300 кредиті бар сарбаз анықталды. Бүгінгі таңда 8 800 қарыз бен микрокредит бойынша 5 мыңнан астам әскери қызметшінің 1,4 млрд теңге мөлшеріндегі төлемдері кейінге қалдырылды, – деді департамент басшысы

Орталық коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында.

Қазір Қазақстанда мерзімді әскерге шақырудың күзгі науқаны басталған. Жыл соңына дейін 19 мыңнан аса азамат Қарулы күштер мен басқа да әскери құрылым қатарын толықтырмақ. Бұл ретте Қорғаныс министрлігі әскерден босату бойынша көмек ұсынатын, ол үшін ақы сұрайтындардан сақ болуға кеңес береді.

### 2,5 ПАЙЫЗ: ҚОМАҚТЫ НЕСИЕ ҚАЙ БАҒЫТТАРҒА?

Кешегі дерек бойынша Ауыл шаруашылығы министрлігінің агроөнеркәсіптік кешен саласындағы жобаларға кредит беру қағидалары туралы бұйрығы күшіне енген. Бұл туралы ҚазАқпарат жариялады.

Құжатта жергілікті әкімдіктер бюджеттің кредит қаражатын сенім білдірілген өкілге тапсырма шарты бойынша береді. Ал жергілікті әкімдіктің өзіне бұл кредит республикалық бюджеттен 0,01 пайыз жылдық сыйақымен берілетін көрінеді.

Жалпы бұл кредит жоба ұсынушыларға 10 жылға дейінгі мерзіммен, ең жоғары сомасы 5 миллиард теңгеден аспайтындай етіп, номиналды жылдық сыйақы мөлшерлемесін 2,5 пайыздан асырмай, АӨК саласындағы жана жобаларды құруға немесе қолданыстағыларды кеңейтуге бағытталған.

Ал кредит тауарлы-сүт фермалары (қуаты 400 бастан бастап); етті бағыттағы құс фабрикалары (жылына 5000 тонна құс етінен бастап); көкөніс сақтау қоймалары (1000 тоннадан бастап); қазіргі заманғы су үнемдеу технологияларын (шашыратып, тамшылатып суару) пайдаланылатын суармалы егіншілік (картоп пен көкөністер, азық өндірісі) үшін қарастырылған. Әрине, кредит алушының кепілге қоятын мүлкі болуы шарт. Бұл ретте негізгі борышты өтеуге 24 айдан аспайтын жеңілдік мерзімі беріледі.

## НАЗАРДАҒЫ НЫСАН

### «АСТАНА» ДАҢҒЫЛЫНЫҢ АЖАРЫ



Суреттерді түсірген Н.НУРЖАУБАЙ

Жол – тіршілік өзегі. Бұл тұрғыда биыл өңірдегі тірліктің айы оңынан туып тұр. Өсіресе қаланың жол құрылысында күшеюі кең. Соның ішінде жаңадан салынып жатқан жолдарға геосетка технологиясы да пайдаланылуда. Бұл жарамдылығын жақсартып, сапа мерзімін ұзартады дейді мамандар.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ, «Сыр бойы»

Қазіргі таңда қала орталығындағы «Астана» даңғылында жол құрылысы қарқынды жүргізіліп жатыр. Мұнда жұмыстың басым бөлігі аяқталған. Әлгі айтқандай, мұндағы ерекшелік – асфальт үстіне тор төсеніш (геосетка) төселіп, содан соң ғана жол жабындысы салынады. Бұл тәсіл бұған дейін Сырдария өзенін жағалай салынған Тәуелсіздік даңғылына қолданылған. «Астана» даңғылы – шаһардағы тоғыз жолдың торабындай басты көшелердің бірі. Жол құрылысына жауапты мердігер – «Қыран» ЖШС. Участке бастығы Қонысбек Бердімұратов құрылыстың сапалы өрі уақытылы орындалуын қадағалайтынын жеткізді. Бүгінде даңғыл бойында 10-ға жуық

техника мен 15 шақты жұмысшы тынбай еңбек етуде. – Жолдың 1,5 шақырымы ғана қалды. Санаулы күнде толығымен бітіреміз деген жоспарымыз бар. Жолдың жалпы ұзындығы 3 шақырым, ені 35 метрді құрайды. Геосетка – Ресей өнімі. Қалған қажетті шикізат – өзіміздің отандық өнімдер. Геосетка төселіп, барлық талап сақталып отыр. Өзіміздің құрылыс саласында 10 жылға жуық тәжірибем бар. Мұндай жолдың салынуы сапаны айқындайды, – дейді «Қыран» ЖШС жұмысшысы Айдос Адамов.

Жалпы қазір облыс көлемінде жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы жолдың үлесі 82 пайызды құрайды.

Алдағы уақытта 87,5 пайызға жеткізілмек. Республикалық және облыстық бюджеттен 36 млрд теңге бөлініп, өңірде ұзындығы 569 шақырым автомобиль жолы жөндеуден өткізілмек. Қала жолдарының сапасын жақсарту мақсатында барлығы 12 млрд 473 млн теңге бөлініп, 320 көшеде қайта жаңғырту, орташа жөндеу жұмыстары жасалуда. Бейбарыс сұлтан көшесінің 4,2 шақырымы 4 жолақты, 1 шақырымы 6 жолақты жолға ауыстырылды. Мұндағы мақсат – көшелердегі көлік кептелісін болдырмау. Жаңадан салынған жолдарға жергілікті тұрғындардың ризашылығын да айту керек.




## АРАЛ: АЙДЫНДЫ ӨЛКЕНІҢ АЛТЫН АРҚАУЫ

Облыс тарихы жайлы толғау тым қиын. Арғысын айтпағанда, құрылған уақыты – 1938 жылдан бері қозғасақ та том-том дүние шығары хақ. Мысалы, бас шаһар – Қызылорда қаласында дәл осы 85 жылдың белесі бедерленген дүние өте көп. Жазбалар да жетерлік. Сол дәуірден сыр тартар суреттер де мол. Ал дария бойын жағалай қоныстанған жеті жұрт – жеті ауданның құжат жүзінде құрылу мерзімі де ғасырға жуықтайды. Әрине, биылғы облыстың 85 жылдығында аймақ тарихында өлшеусіз орны бар аудандардың өткені мен бүгінін ұмытсақ, қиянат болар еді. Осындай оймен біз сапар басын алдымен Аралға бұрдық.

4, 5-беттер

Ержан ҚОЖАС, «Сыр бойы»





## ҚАБЫЛДАУ

## ҰСЫНЫСТАР ЗЕРТТЕЛІП, ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНАДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «AMANAT» партиясы облыстық филиалының төрағасы Наурызбай Байқадамовпен бірге кезектілік тәртібімен жазылған азаматтарды қабылдап, оларды толғаңдырған мәселелерін, ұсыныс-пікірлерін тыңдады. Бұл жолы жеке қабылдауға 8 адам келді.

Тұрғындардың басым бөлігі тұрғын үй алу, жөндеу және инфрақұрылым тарту жайын көтерді.

Аймақ басшысы азаматтар көтерген түйткілді мәселелерді тиісті мамандар жіті зерттейтінін, шешімі заң талаптарына сәйкес қарастырылатынын жеткізді. Кейбір сұрақтар бойынша жауапты тұлғалар сол жерде заң аясында түсіндірме беріп, шешу жолдарын ұсынды.

Қабылдауда 53 жастағы азамат Қызылорда қаласындағы К.Нүрекешов көшесіне ауызсу мен электр жарығын тартуды сұ-



рады. Бұл көшедегі жұмыстар алдағы жылға жоспарланды. Алдымен инфрақұрылым желілерін жүргізуге жобалық құжаттама әзірленіп, қаржысы бөлінді. Мұнан бөлек, Нұрлыбек Машбекұлы арендалық үйіне

жөндеу жүргізу, баспанасын апатты жағдайда деп тану және кәріз жүйесін қалпына келтіру жөнінде өтініш айтып келген тұрғындардың мәселелерін зерттеп-тексеруді қала әкіміне тапсырды.

Айта кетейік, тұрғындар облыс әкімінің қабылдауына e.gov порталы, e-otinish бірінші базасы немесе әкімдікке келіп жазбаша өтініш тастау арқылы жазыла алады.

## ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ



## МЕДИЦИНА МАМАНЫН ДАЙЫНДАУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Құрметті Әлихан Асханұлы! Медициналық кадрларды даярлау – мемлекет алдында тұрған басым міндеттердің бірі болып табылады. Ұлт денсаулығы – қашанда ел болашағының негізгі тірегі екені де бұлжымас заңдылық. Өкінішке қарай, Қазақстанда медицина саласының проблемалары жетерлік. Соның ішінде медициналық кадрлардың біліктілік деңгейі өзекті мәселеге айналып отыр және бұл тікелей медициналық білімнің сапасына байланысты, ал сапа – тұтас саланың кепілі.

Осы тұрғыда 2020 жылдан бері Парламент депутаттары қаперге алған бұл түйткіл бүгінге дейін шешімін тапқан жоқ. Тарқатып айтсақ, қазіргі уақытта медициналық мамандықтарды оқытуға бөлінетін мемлекеттік тапсырыс қаражатының мөлшері оқу процесін ұйымдастыру үшін жоғары оқу орындарының шығындарын өтемей, олардың қаржылық жағдайын қиындауға түскен. Сөйтіп оқу сапасына теріс әсерін тигізуде.

Нақты мәліметке сүйенсек, «жалпы медицина» мамандығы бойынша бакалавриат грантының құны соңғы рет 2021 жылы қайта қаралып, медициналық жоғары білім беру ұйымдары үшін 1 млн 1 мың теңге болып бекітілген.

Алайда аталған баға 2021 жылдан бастап оқуға түскен студенттерге ғана қолданылады, ал 4-ші және одан жоғары курс студенттері үшін гранттардың бағасы 10 жыл бойы қайта қаралмағандықтан, бүгінде 609 мың теңге көлемімен қалған. Шын мәнінде, қазіргі медицина маманын оқытудың өзіндік құны бір білім алушыға шамамен 2 млн теңгені құрайды. Өздерінің білетіндей, дәрігердің оқыту құны басқа мамандықтармен салыстырғанда, әлдеқайда қымбат.

Осыған орай медициналық жоғары оқу орындары өзін-өзі қамтамасыз ету үшін ақылы студенттер тобын көбейтуге мәжбүр. 2022-2023 жылғы оқу жылында 63 мыңнан аса студент болса, оның тек 41 пайызы мемлекеттік білім беру тапсырысы қаражаты есебінен оқытылады.

Студенттер санының шамадан тыс артуы себебінен, тағы да сол аудитория тапшылығы мен жатақхана жетіспеушілігі орын алууда. Медицина саласына сапалы маман даярлауға кедергі келтіретін бұл мәселе бір оңтайлы шешімін табуы тиіс.

Мәселен 3 жылдық деректерге сүйенсек, ақылы түрде оқитын студенттер саны 50%-ға артқан, ал академиялық бакалавриатта оқитын студенттердің саны 62%-ға өскен. Осы себептен аудиториялық қордың 15 мыңға жуық шаршы метрге тапшылығы, жатақхана бойынша 6,5 мың орынға қажеттілік туындаған. Клиникалық жабдықтар базасының 60 пайызының тозығы жеткен, материалдық-техникалық базаның ескіруі себептері медициналық мамандар даярлау ісінің сапасына кері әсер етіп, болашақ мамандар әлемдік стандарттарға сай, жаңа технологиялармен білім ала алмауда.

Сонымен қатар, грант құнының төмендігінен және жүктеменің аса жоғары болуынан, медициналық жоғары оқу орындары оқытушы-профессорлық құрамын лайықты жалақымен қамтамасыз ете алмай, мамандардың жаппай саладан кету ықтималдығы артууда.

Заманауи медицина талабына сәйкес дәрігер дайындаудың оқыту құны басқа мамандықтар бойынша оқуға қарағанда, шығыны көп. Мысалы, медицина саласы озық дамыған елдерде медициналық мамандықтарын оқыту құны, өзге мамандықтардың оқу құнынан 2-ден 4 есеге дейін артық.

Қорыта айтқанда, аталған проблемалар медициналық мамандар даярлау ісінің сапасына ғана емес, Қазақстан медицинасының болашағына да күмән келтіретін күрделі жағдай. Медициналық жоғары оқу орнында биік деңгейде конкурстар өтетіні және өте дарынды балалар түсетінін ескерсек, жас дәрігерлер білімдерінің көп жағдайда жеткіліксіздігі жоғарыда аталған кемшіліктерден екені түсінікті. Ал оның зардабын халық көретіні белгілі.

Құрметті Әлихан Асханұлы, қазақстандық медицинаның қалыптасқан мектебі бар және оны сақтап қалу мақсатында, Сізден бакалавриат, интернатура, магистратура, резидентура және докторантураның медициналық мамандықтарын оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша республикалық бюджеттен бөлінетін гранттың құнын қайта қарап, 2021 жылға дейін қабылданған студенттерді қоса алғанда, ұлғайтуға шаралар қабылдауды сұраймын.

Ақмарал ӘЛІАЗАРОВА,  
Сенат депутаты

## ДЕНСАУЛЫҚ

Көпбейінді облыстық балалар ауруханасының науқастарды емдеудегі мүмкіндігі күн өткен сайын молайып келеді. Аурухана дәрігерлері бұл бағытта әрдайым білім жетілдіріп, алыс-жақын шетел мамандарымен тәжірибе алмасып отырады. Сондай шараның бірі ауруханада үш күн бойына жалғасты.

Айнұр БАТТАЛОВА,  
«Сыр бойы»

## МӘСКЕУЛІК МАМАНЫҢ ШЕБЕРЛІК КЛАСЫ



Нақтырақ айтсақ, аурухананың реанимация бөлімшесінде «Қарқынды терапиядағы тыныс алуды қолдау» тақырыбында шеберлік класы өткізілді. Оған Мәскеу қаласынан Д.Рогочев атындағы Балалар гематологиясы, онкологиясы және иммунологиясы ұлттық медициналық ғылыми орталығы Аккредиттеу және симуляциялық орталығының жетекшісі, GISP педиатриядағы симуляция бойынша халықаралық топтың үйлестірушісі, педиатрия және неонатологиядағы тыныс алуды қолдау жөніндегі испан жұмыс тобының нұсқаушысы Лоайса Уго Карлос арнайы шақырылды. Аймақтың анестезиолог-реаниматолог мамандары қатысқан дәріс балаларға респираторлы көмектегі машықтарды күшейту, жетілдіру, нығайту мақсатында ұйымдастырылды.

Мәскеулік маманмен өткен шеберлік класта желдеткіш негіздері, негізгі аспектілері, тыныс алу механикасы, өкпені жасанды желдету әдістері мен режимдерінің жаңа классификациясы, балалардың қарқынды терапиясындағы тыныс алуды қолдау тақырыбы тарқатылды. Тәжірибелік дағды барысында практикалық мәселелер науқас балалардың нақты клиникасына сәйкес өз шешімін тапты.

Жалпы көпбейінді облыстық балалар ауруханасында 360 төсек-орын стационар және бір ауысымда 300 бала қабылдайтын кеңес беру диагностикалық емхана жұмыс істейді. Ауруханада 13 клиникалық бөлімше, сондай-ақ 5 төсек паллиативті палата бар. Емдеу орнында күніне шамамен 20-30 бала емделіп, 20 ата жасалады. Мамандар жеткілікті. 2020 жылы 60 төсектік реабилитация бөлімі қайта бейіндендірілді. Былтыр «Қамқорлық» оңалту орталығы ашылды. Сонымен қатар, ауруханада 2017 жылы «Балалық шақ ауруларын ықпалдастыра емдеу» оқу орталығы ашылып, медицина қызметкерлері дипломнан кейінгі білімін үздіксіз жетілдіруде. Аурухана 94 пайыз медициналық техникамен қамтылған. Компьютерлі томография, когерентті томограф, нанодокт және т.б заманауи аппараттармен жабдықталған. Науқастар, мемлекет тарапынан бөлінетін әлеуметтік-медициналық сақтандыру қоры арқылы тегін ем алады. Дәрі-дәрмек те жеткілікті. Ең қуантарлығы – бұрын Алматы, Астана секілді республикадағы ірі емдеу ұйымдарына барып ем қабылдайтын науқастар қазіргі кезде осы ауруханада емделуде. Бір сөзбен айтқанда, балалар ауруханасының науқастарға заманауи медициналық қызмет көрсетуде мүмкіндігі мол.



## ТАЗАЛЫҚ ТӘРТІБІ НАЗАРДА

**ҚЫЗЫЛОРДА** Қала әкімдігі жанынан құрылған жұмысшы топ белгіленбеген орынға қоқыс төккендерді тексерді. Тазалық тәртібін бұзғандарға «Қызылорда тазалығы» мекемесі мен учаскелік полиция инспекторлары тарапынан ескерту жасалды. Нәтиже шықпаса, айыппұл төленеді.

Айта кету керек, қала тазалығына 50 арнайы техника жұмылдырылған. 813 көшенің тазалығын қамтамасыз етуге 150 жұмысшы күші біріктірілген.

## ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАРДЫ АРАЛАДЫ

**АРАЛ** Аудан әкімі Серік Сермағамбетов Сексеуіл кенті мен Қосамен, Мергенсай ауылдық округтерінде болып, әлеуметтік нысандардың жағдайымен танысты. Сексеуіл кентіндегі «Нұрайжан» ЖШС-нің отын қоймасында болып, көмір жеткізумен айналысатын кәсіпкерлермен кездесті.

Мұнан соң, Қосамен ауылдық округіндегі №237 және Мергенсай ауылдық округіндегі №58 орта мектептерде болып, білім ұясының қысқы маусымға дайындық барысын бағамдады.

## КЕНТ ТҰРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

**ҚАЗАЛЫ** Аудан әкімі Мұхтар Оразбаев Әйтеке би кентінің тұрғындарымен кездесті. Аудандық Р.Бағланова атындағы мәдениет үйінде өткен жиында жыл басынан бері атқарылып жатқан ауқымды жобалар туралы айтып, алдағы жоспарларын бөлісті.

Тұрғындар жастар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу мәселесін көтерді. Аудан басшысы тиісті сала басшыларына тапсырма берді. Халықпен кездесуден соң бірнеше тұрғынды мәселелері бойынша жеке қабылдады.

## КӨРКЕМСӨЗ ОҚУШЫЛАР БАЙҚАУЫ

**ҚАРМАҚШЫ** Ш.Төлепова атындағы мәдениет үйінде аудандық көркемсөз оқу шеберлері байқауы өтті. Оған аудан мектептерінен 20 оқушы қатысып, өзара бақ сынасты. Байқауға Халықаралық қазақ тілі қоғамдық қорының аудандық филиалы төрағасы Гүлжауһар Раева бастаған қазылар алқасы төрелік етті.

Сөз сайысында бас жүлдені Ақай ауылынан Ақтілек Әлиев, I орынды Иіркөл ауылынан Жанася Асанова, II орынды Тұрмағамбет ауылынан Гүлсия Жангелдіқызы, III орынды Ақжар ауылынан Досымжан Сандыбайұлы иемденді. Барлық қатысқан өнерпаздарға бағалы сыйлықтар мен дипломдар табысталды.

## ҚҰРЫЛЫС ЖҰМЫСТАРЫМЕН ТАНЫСТЫ

**ЖАЛАҒАШ** Аудан әкімі Асқарбек Есжанов «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық транзиттік дәлізінің ауданға қарасты аумағында тазалық жұмыстарын көрді. Сондай-ақ, Жалағаш кенті орталығының абағандыру барысымен танысты. Мердігер мекемеге жобаны сапалы әрі жылдам аяқтауды тапсырды.

Биыл Ұлттық қор есебінен халықтың әлеуметтік жағиынан осал топтарына 50 тұрғын үй сатып алынады. Аудан әкімі жеке кәсіпкерлер салып жатқан тұрғын үйлердің құрылыс жұмыстарын да көрді.

## ҰСЫНЫС-ПІКІРЛЕРІН ТЫҢДАДЫ

**СЫРДАРІЯ** Аудан әкімі Берік Сәрменбаев Тереңөзек кенті және А.Тоқмағамбетов ауылының тұрғындарымен кездесіп, ұсыныс-пікірлерін тыңдады. Кездесулерге аудандық мәслихат төрағасы Ержан Әжікенов, аудандық мәслихат депутаттары, бөлім, мекеме басшылары қатысты.

Есепті жиындарда тұрғындар әлеуметтік, инфрақұрылымдық, денсаулық, білім саласына қатысты ұсыныс-пікірлерін жеткізді. Аудан әкімі барлық мәселе тұрақты назарда болатынын айтты. Тереңөзек кентінде өткен кездесуден соң аудан басшысы тұрғындарды жеке мәселелері бойынша қабылдады.

## ЕҢБЕККЕРЛЕРМЕН КЕЗДЕСТІ

**ШИЕЛІ** Аудан әкімі Нұржан Ахатов жиын-терім науқанына орай бірқатар шаруа қожалықтарды аралады. Бұл жолы аудан басшысы Мақсат Ташматов төрағалық ететін «Мақсат» шаруа қожалығының егін алқабына барып, еңбеккерлермен кездесті.

Кездесуде қожалық төрағасы биыл аймақ және аудан басшысы тарапынан ауыл шаруашылығын қолдау бағытында дер кезінде жүргізілген шаралардың нәтижесінде егістік алқабы судан қалмай, жиын-терім науқанына шығынсыз жеткенін айтты.

## ҚҰРЫЛЫС ҚАРҚЫНЫН КҮШЕЙТУДІ ТАПСЫРДЫ

**ЖАҢАҚОРҒАН** Май бекетінде құрылысы жүріп жатқан 300 орындық мектеп құрылысына «AMANAT» партиясының аудандық филиал төрағасы Арман Мәжитов және аудандық мәслихат төрағасы Ғалымжан Сопбеков бақылау жүргізіп, құрылыстың қазіргі жай-күйімен танысты.

Нысанда 35 жұмысшы бар. Депутаттар мердігер мекеме өкіліне өз уақытынан кеш жүріп жатқан құрылыс ерекше бақылауда болатынын жеткізді. Құрылыс қарқынын күшейту керек екенін айтты.

«СБ» ақпарат



ЖОЛДАУ: ПІКІР-ПАЙЫМ

Баймырза ҚОЖАМБЕРЛИЕВ:

# Бізге экономикалық патриотизм қалыптастыру қажет



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Парламенттің кезекті сессиясының ашылуында халыққа жариялаған Жолдаудың Парламент, Үкімет, уәкілетті органдар және барлық мемлекеттік аппарат алдында ізденіс кезеңіндегі жұмыстың негізгі бағыттарын белгілеп, нақты тапсырмалар беріп, жаңа міндеттер қойды. Мемлекет басшысы республика деңгейінде шұғыл шараларды талап ететін проблемалық мәселелерді де нақты атап өтті.

Осы орайда философия ғылымдарының докторы, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің философия және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының профессоры Баймырза Қожамберлиев ел Президенті көтерген мәселелерге қатысты пікір білдірді.

## Халықтың жағдайына тікелей әсер етуі тиіс

Президент атап өткендей, елдің жаңа экономикалық бағытының айқындалуы қағидалары әділдік, инклюзивтілік, прагматизм болады. Мемлекеттік аппараттың алдына саяси реформаларды түбегейлі және жан-жақты әлеуметтік-экономикалық реформаға ұштары мендеті қойылып отыр. Дегенмен, Жолдаудың басым бағыты экономикаға бағытталғанымен, барлық экономикалық іс-шаралардың нәтижесі халықтың жағдайына тікелей әсер етуі тиіс.

Тағы бір айта кетерлігі, Мемлекет басшысы «Осы Жолдауда айтылатын міндеттің бәрі үш жылдың ішінде орындалуға тиіс» деді, яғни, бес-он жылдық ұзақ мерзімді жоспарларды тоқтату керек. Жолдауда көптеген бағыттарды қамтитын және әлеуметтік-экономикалық реформалардың бірыңғай жүйесін құрайтын жүзден астам түрлі идеялар мен ұсыныстар айтылған екен. Экономикалық мәселелерді шешуге бағытталса да, онда әлеуметтік сипаттағы маңызды бастамалар бар. Қоғамның барлық мәселелері қамтылған. Бірақ осындай қысқа мерзім ішінде Жолдауда айтылған міндеттерді толық орындау қаншалықты мүмкін?

Бұл тұрғыдан алып қарасақ, Жолдау – үлкен тәуекелге бару деген сөз. Мысалы, экспорттың үлесін көбейтуді алайық. «Біз экспортты ұлғайта отырып, ішкі нарықты да ұстап тұруымыз керек» деді Президент. Дегенмен, отандық өнім өндірістері соншалық бәсекеге қабілетті емес. Біз осындай мәселелерді ашық айтуымыз керек.

Оған қоса, Жолдаудан туындап отырған нақты міндеттің бірі – алдағы үш жыл ішінде агроөнеркәсіптегі өңделген өнімнің 70 пайызға жеткізу. Президент жұртты өнім өңдеуге ынталандыру керектігін айтып отыр. Мен жақында Солтүстік Қазақстан облысында болдым. Біраз күн араладым. Сондағы шаруалардың айтуынша, былтыр бидайдың тоннасы 120-130 мың теңгеден сатылған. Оның өзі шаруалар үшін тым арзан болды дейді. Ал биыл 50-60 мың теңгеден ғана өткізіп отыр. Себебі, көршілес Ресей елінен мол өнім алған. Сондықтан контрабандалық жолмен Ресей өнімі нарықты қызып алды. Осындай жағдайда сала бәсеке-лестікке төтеп беруге қабілетті ме?

Мемлекет басшысы Жолдауда Солтүстік Қазақстан облысын мысалға келтірді. 100-ден астам ірі сүт-тауар фермасы салынып жатқанын көпке ұлғи етті. Әрине, мұндай істер көңіл қуантады. Бірақ, келсе ғана Алматыдағы және Солтүстік Қазақстан об-

лысындағы ірі сүт өңдеу кәсіпорындары жабылғаны, 12 құс фабрикасының жұмысы тоқтатылғаны туралы ақпарат шықты. Себебі көрші елдерден сапасы күмәнді өнімдер көптеп әкелінуде.

Тағы бір мәселе – қорғаныс саласы. Әскерімізді өзіміз жабдықтай алатын болуымыз керек. Бұл идеяны қолдаймыз. Бірақ, қазіргі уақытта қорғаныс саласының өзінде де бөлінген қаржының талан-таражға түсуіне байланысты қылмыстық істер қозғалууда. Отандық қорғаныс өнеркәсібінің әлеуетін арттыру ісінде осы жағдай қайталанбасына кім кепіл?

Осындай жағдайда «Мемлекет басшысы Жолдауда қойып отырған межеге жету мүмкін бе?» деген сұрақтың туындауы заңдылық. Президент жалған статистика, бұрмаланған ақпаратқа емес, елдегі нақты жағдайға сүйеніп шешім қабылдап отыр деп сенеміз. Себебі, отандық өнімді дамытамыз десек, қатаң шаралар қолдану қажет болады.

## Міндетті орындаудың тетіктері қандай?

Сондай-ақ, 2029 жылға қарай ұлттық экономиканың көлемін 450 миллиард долларға дейін екі есе ұлғайту мақсаты қойылды. Ол үшін еліміздің ішкі жалпы өнімі жылына кемінде 7 пайыз өсіп отыруы керек екен. Қазір біз инфляцияны ауыздықтай алмай отырмыз. Сонда Жолдаудан туындап отырған бұл міндетті орындаудың тетіктері қандай болмақ?

Жолдаудың барлық аспектілерін атап өту мүмкін емес. Біз бірнешеуіне ғана тоқталып отырмыз. Жалпы, қоғамды толғандыру көп мәселе айтылды. Ендігі мақсат – осы қойылған міндеттерді шешу.

Сондықтан қоғамның әрбір мүшесі өз үлесін қосу керек деп ойлаймын. Бұған дейін қаншама Жолдау жасалды. Экономикалық реформалар қолға алынды. Барлығы бірдей алға қойған меже-сіне жетті деп айта алмаймыз. Мысалы, бір ғана тіл мәселесі бірнеше рет айтылды. Мемлекет басшысының өзі тіл мәселесіне бей-жай қарасақ, ұлттық қауіпсіздігімізге қатер төнуі мүмкін екенін айтқан еді. Бірақ, былтырғы жалпыхалықтық референдумда Ата Заңымызда мемлекеттік тіл мәртебесін нықтай алмадық. Үкіметіміздің өзін қазқашалай алмай отырмыз. Сол секілді қаншама рет айтылса да, күрмеуі қиын мәселе көп.

Сондықтан халықтың сенімін жоғалтпау үшін Жолдауда айтылған нәрсенін айтылған жерінде қалмауы тиіс. Бұл ретте біліктің негізгі күші – халық.

Дәл осы тұрғыда біз патриотизм туралы айтуымыз керек. Біз патриотизмді тек идеологиялық тұрғыдан қарап жүрміз. Бірақ оның экономи-

## Ұлттық бірегейлік – елдің ұйытқысы

Сана деген – объективті дүниенің субъективті бейнесі. Соңғы кезде ұлттық сананы қалыптастыру туралы айтылып жүр. Ол үшін әуелі санада серпіліс болуы керек. Халқымыздан бір серпіліс күтеміз.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев биыл Түркістанда өткен Ұлттық құрылтайда өзекті мәселе көтерді. Мемлекет басшысы «Саяси-экономикалық реформаларды қоғамдағы әлеуметтік-мәдени өзгерістермен қатар іске асыру керек. Бұл – маңызды міндет» деген болатын. Жалпы, кез келген өзгеріс қоғамды түгел қамту керек. «Елімізде жаңа қоғамдық этика қалыптасуы керек. Онда ел бірлігі және тұрақтылығы, әділдік, заң мен тәртіп, сенім және жауапкершілік сияқты құндылықтар үстемдік құру қажет» деп атап көрсетті.

Бұл ретте қоғамдық этиканың қалыптасуы – қоғамның түзу жолда дамуы деген сөз. Президент ол үшін бірінші кезекте ұлттық бірегейлік керек деді. Ал ұлттық бірегейлік деген не? Оны әркім әртүрлі тұрғыда айтып жүр.

Мысалы, Қазақстан – көп-ұлтты ел. Көп ұлттардың елімізге келуіне озбырлық саясат себеп болды. Тәуелсіздік алғаннан кейін олардың көпшілігі өз отанына кетті. Бірақ әлі де отанын Қазақстан деп санайтын ұлт өкілдері бар. Бұл ретте мәселе елдің саяси тұрақтылығымен ұштасып жатқанын да ұмытпаған жөн. Ұлтаралық саясаттың дұрыс жүргізілуі маңызды.

Сонда біз ұлттық бірегейлік мәселесін неге көтеріп жүрміз? Қарап отырсақ, бізден басқа да көпұлтты елдер бар. Олардың бізден ерекшелігі – бір ғана ұлттың тілінде сөйлейді. Бір ұлттың маңайына топтасады. Неге біздің елімізде мәселе осы тұрғыда шешілмейді?

Жақында ғана Ақмола облысы Жарқайың ауданының орталығы Державин қаласының атауы Кеңесары деп өзгертілді. Бұл бастаманы қала тұрғындарының басым көпшілігі қолдағанымен, жүзден аса адам қарсы шыққан екен. Кейін әлеуметтік желіде бірқатар азаматтар «Кеңесары деген кім? Біздің қаламызға не қатысы бар?» деген сипатта наразылықтарын білдіріп жатты. Демек, қазақтың қаһары болған, ұлтқа ортақ тұлға Кеңесарының қазақ жерінде туып-өскен, білім алған азаматтар білмейді деген сөз.

Бұл бір ғана мысал. Әйтпесе, солтүстік аймақтарда атауы орысша елді мекендер көп. Біз оларды қазақшалаймыз деп жүрміз. Бірақ, алдымен ондағы азаматтарға тарихымызды түсіндіруіміз керек. Қазақ халқының сана-сезімін өзге ұлттарға күштеп енгізе алмаймыз. Біз халқымыздың салт-дәстүрін, тіліміз бен тарихымызды түсіндіру арқылы ғана осындай ұлттық бірегейлікке жете аламыз.

Дайындаған  
Биболат СӘТЖАН,  
«Сыр бойы»

ЕРТЕҢ – ОТБАСЫ КҮНІ



# Бақытты отбасы – мемлекет байлығы

Даналықтың мектебі болған ата-бабаларымыз «Адамның басшысы – ақыл, шолушысы – ой, жетекшісі – талап, қорғаушысы – сабыр, бәрінен ардақтысы – өмір сүру, соның ішінде ең тәттісі – сыйластық» деген екен. Шындығында отбасы берік болуының негізгі қағидасы адам бойындағы осы қасиеттерге негізделсе керек.

Аружан ЕРАЛЫ,  
«Сыр бойы»

Адам баласы ақылдан басшылыққа алса, ой таразысына салып шешім қабылдап, бақытты отбасын құруға талаптың, сабырды серік етіп, арғы бәрінен де қымбат санаса және ең бастысы өмірін ардақтап, оны сыйластықтың бал шырнымен сусындатса, міне, бұл – отбасы бақытының кілті.

Мемлекет мерейінің биік болуы да отбасының ынтымақ-бірлігіне тікелей байланысты. Келешегіміздің жарқын болып, алға қойған мақсаттарға жетудің кепілі де отбасындағы өзара түсіністік пен татулық тамырының тереңге бойлауында.

Бүгінде отбасылық құндылықтарды мемлекеттік деңгейде жандандырып, үлгілі әулеттерді насихаттау өте маңызды. Осы орайда Президент бастамасымен 2013 жылдан бастап қыркүйек айының екінші жексенбісі «Отбасы күні» болып белгіленді. Бұл күні еліміздің түкпір-түкпірінде үлгілі отбасыларға сый-құрмет көрсетіледі. Сондай-ақ, атаулы күнге орай «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауы ұйымдас-

тырылады. Биыл да бұл байқау дәстүрлі түрде жалғасып, нәтижесінде өңірден бірнеше өтінім қабылданды. Қала, аудан, ауылдық деңгейде қатысқан әр отбасының тарихы, жетістіктері, құндылықтары мен ұстанымдары көрсетіліп, түрлі бейнероликтер, ақпараттық бейнематериалдар мен танымдық хабарлар әзірленді. Сонымен қатар «Facebook», «Instagram», «Tik-Tok» әлеуметтік желілерінде қатысушылар отбасылық дәстүрлерін, тарихи сәттерін, қызықты оқиғаларын бөлісіп, медиа кеңістікте ақпараттық насихат жұмыстары жүргізілді.

«Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының облыстық іріктеу кезеңінің қорытындысы бойынша шиелілік Асановтар мен қармақшылық Көбеветтер отбасы жүлделі ІІІ орынды, Қазалы ауданынан қатысқан Бөлекбаевтар әулеті ІІ орынды иеленді. Сырдария ауданынан Үмбетбаевтар отбасы І орын иемденсе, қазалылық Смағұловтар отбасы бас жүлдеге лайық деп танылды.

Байқауда жеңімпаз атанған отбасының үлкені, мәуелі бәйтерегі Қабақ Смағұлұлы – Ұлы Отан соғысының ардагері. Қан майдандағы ерлігі үшін түрлі деңгейдегі ордендермен марапатталған. Соғыстан кейін 40 жыл есеп саласында еңбек еткен, Қазалы ауданының Құрметті азаматы. Ардагердің 10 баласы бар, әулетінде 22 немере, 32 шөбере, 2 шөпшегі өсіп келеді.

Күні кеше «Отбасы күні» қарсаңында Астана төрінде биыл 10-шы рет «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының жеңімпаздарын марапаттау шарасы өтті.

Отбасының мерейін үстем ету, қасиетін қасиеттерге мақсатында ұйымдастырылған ұлттық конкурста жерлесіміз, ғасыр жасаған қазалылық майдангер, қазыналық карт Қабақ Смағұловтың әулеті лауреат атанды.

Өнегелі құндылықтарды жаңғыртуға және отбасы мәртебесін арттыруға бағытталған «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсы жыл сайын ұйымдастырылып келеді.

Шаньрақ шаттығы мен ұлттық тәрбиені ұлықтайтын бұл байқаудың маңызы ерекше. Қазақта «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілесің» деген қанатты сөз бар. Сондықтан әрбір отбасының мәртебесі биік болса, қазақ елінің де абыройы асқақ болары анық. Отбасында жақсы қасиеттерді бойына сіңіріп өскен ұл-қыздан келешекте елінің өсіп-өркендеуіне үлкен үлес қосатын ұлтжанды ұрпақ қалыптасады.

Қ.ҚАЗАНТАЕВ – 100

# ҒАСЫР БЕЛЕСІНДЕГІ ҒИБРАТ



Жалағаш ауданында мемлекет және қоғам қайраткері Қ.Қазантаевтың 100 жылдық мерейтойы аясында танымдық конференция өткізілді.

Ғазиза ӘБІЛДА,  
«Сыр бойы»

Аудан әкімі Асқарбек Есжанов ғасырлық мерейтой иесі, өз дәуірінің тамырын тап баса білген, терең әрі тұңғыш тұлға Қ.Қазантаевтың өмір тарихындағы өзгеше ұстанымын атап өтті.

– Мемлекет және қоғам қайраткері, соғыс және еңбек ардагері Қонысбек Төрешұлы Қазантаев еңбегімен өзіне өзі ескерткіш соғып кеткен адам десек, қателеспейміз. Қоғам мүддесі, мемлекет ісі, оның ішінде кадр саясатын қалыптастырудағы зор еңбегі бүгінге дейін ел-жұрттың есінде.

Конференцияның аудандық мәслихат төрағасы Өмірзақ Елеусінов жүргізіп отырды. Халықтың қарапайым ұлы, білікті басшы, мемлекет және қоғам қайраткері Қонысбек Төрешұлының рухына тағзым ету, елеулі еңбегін насихаттау осы жиынның негізгі мақ-

саты екенін аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әлиұлы толықтыра түсті.

Қызмет жолында талай маманды тәрбиелеп, еңбексүйгіш буын қалыптастырып, білікті кадрлар дайындаған Қонысбек Төрешұлына арнап Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Шыңғыс Айбосынов «Қазантаев мектебі» кітабын жазды. Кітап авторы өз кезегінде білікті басшымен 10 жыл бірге қызмет ету бақыты бұйырғанын, халықтың жүрегінен орын алған қабырғалы азаматтың өмір жолы ұрпаққа өнегелі мектеп болып сақталатынын атап өтті. Сондай-ақ, биылғы 100 жылдық мерейтой қарсаңында «К.Т.Қазантаевтың кеңістігі» атты танымдық еңбегі жарық көретінінен хабардар етті.

Осынау мазмұнды іс-шараның өтуіне қолдау танытқан облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевқа, аудан әкімі Асқарбек Есжановқа алғысын білдірді.

Қонысбек Қазантаев атымен аудандық мәдениет үйінің аталуы, келелі жиянда айтылған естеліктер габратты ғұмыр иесінің ғасырлық тарихынан тағлым тұлға жетелейді. Дәлірек айтқанда, жаспапз тұтаның Жалағаш өңіріндегі дара жолының өшпейтінінің дәлелі болып қалары сөзсіз.



# АРАЛ: АЙДЫНДЫ ӨЛКЕНІҢ



## ҚҰЖАТҚА СҮЙЕНДІК. КӨП ДҮНИЕГЕ ҚАНЫҚТЫҚ

Облыс тарихымен байла-ныстырмас бұрын, Арал ауданының құрылуы тым әрде екенін айтсақ дейміз. 1938 жылға дейінгі архив парақтарында Арал жайлы мәлімет жоқ емес. Орта Азия Республикасы шекараларын межелеуге байланысты Қазақстан әкімшілік-аумақтық құрылымы туралы анықтамада көрсетілгендей, 1921 жылы 1 қазанда Сырдария облысының құрамына 7 уезді кірген. Олар – Әулиеата, Қазалы, Мырзашөл, Ташкент, Түркістан, Шымкент және Перовск. Бұның ішінде Қазалы уезіне Арал болыстығының кіргендігі, орталығы Арал поселкасы болғаны айтылады. Жалпы сол уақыттары Қазалы уезіне 15 болыстық қараған.

– 1927 жылы 17 қаңтарда Қазалы уезі таратылған, – дейді бізбен тілдескен «Арал ауданы архиві» филиалының қор сақтау қойма меңгерушісі Қасым Арынғазиев. – Оған қарасты болыстықтар біріктіріліп, осының негізінен Арал мен Қамыстыбас болыстығынан Арал ауданы құрылды. 1930 жылдың 17 желтоқсанындағы Қазақ Орталық атқару комитеті Президиумының «Жаңадан аудандастыру» туралы қаулысына сәйкес, Арал Қызылорда өңірінің құрамына кірген 6 ауданның бірі болды. Ал 1932 жылы Арал ауданы Қазақ Орталық атқару комитетінің 8 шақырылған II сессиясының қаулысымен құрылған Ақтөбе өңірінің құрамына берілген.

Аудандық архивте сан жылдар бойы еңбек еткен, архив саласының үздігі Болатбек Қуатовтың айтуынша, 1938 жылы 15 қаңтарда Қызылорда облысы құрылған соң аудандар бөлініске қайта түседі.

– КСРО Жоғарғы Кеңесі сессиясы шешімімен Қазақ ССР Президиумы Орталық Кеңесінің 1938 жылғы 15 қаңтардағы «Облыстардағы аудандық әкімшілік-аумақтық бөліну» туралы қаулысына сәйкес, Ақтөбе облысынан Арал, Оңтүстік Қазақстан облысынан Жаңақорған, Қазалы, Қызылорда аудандары бөлініп, Қызылорда облысы құрылды. Біздің Арал 1938 жылы 15 қаңтарда Қызылорда облысының құрылуына байланысты солтүстік батысында орналасқан аудан болды. Ал кейінірек, дұрысы, СОКП Орталық комитетінің 1962 жылғы қарашадағы пленумының шешімі негізінде Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі 1962 жылдан бастап өндірістік қажеттілікке орай кеңес органдарын тарату және республиканың әкімшілік-аумақтық бөлінісін өзгерту жөнінде бірнеше өкім қабылдады. Сол жылы құрылған Оңтүстік Қазақстан аймағына Жамбыл, Қызылорда, Шымкент облыстары қараған. Осыған байланысты 1962 жылы Арал ауданы қайта таратылып, Қазалы ауданына қосылды, – дейді Болатбек Қуатов.

Түрлі шешім арқасында басқару аймағы бірнеше рет өзгерген аудан екі жылдан соң Қазалыдан қайта ажырады. Біздегі мәлімет бойынша, ауыл шаруашылығын мамандандыру, аудандық звеноларды колхоз-совхоздарды жақындандыру, сонымен қатар елді мекендерде мәдени-тұрмыстық қызмет көрсетуді жақсарту үшін 1964 жылдың соңында облыстағы аудандарды қайта бөлу басталған. Сол жылы 22 қазанда Еңбекшілер депутаттары Қызылорда облыстық кеңесі және оның атқару комитетінің №322 шешімімен Арал ауданы қайта құрылды.

## БАЛЫҚШЫ ЕЛ: БҰРЫНҒЫ МЕН БҮГІНГІ

Ауданның әр жылдағы құрылу тарихын сөз еттік. Енді аймақ дамуына қосар үлесі аз емес Аралдың ірге-тасын қалаған бұрынғылар, оның ісін ілгері жетелеген бұрын мен сол ағалар дәстүрін жалғаған кейінгілердің игі ісін аз-кем түгелдемекпіз.

Тарихты сөз ете келе, Арал жайлы бәзбіреуден сұрай қалсаңыз, алдымен балық пен тұзды айтар еді. Бұл – қалыптасқан дағды. Бір кезде көлемі жағынан төртінші орын алған теңіздің бүгінгі жағдайы айтпаса да түсінікті ғой. Дегенмен де «бар несібем адамзатқа» деген Аралдың әлі де берері жоқ емес. Тек соны бағалай білу керек!

50-60 жыл бұрын Арал жағасында балық аулау кәсібін байланысты 2 комбинат, 10 зауыт, 70-ке жуық балық қабылдау бекеті болғанын кейінгілер білмеуі мүмкін. Қолда бар мәліметке сүйенсек, 1970 жылға дейін теңізден 30-дан аса балық түрі ауланыпты. Бүгінде қарасы көрінбейтін бекіре де осы теңізде ойнақ салды. «Қызыл кітапқа» енген қаз, салмағы кішігірім тайыншадай ірі жайын да осында жүзді. Ақбалық, сазан, мөңке, шабақ, дөңмандай, шортан, тарта мен тыран, алабұға сияқты түрлері тіпті мол болыпты. Бүгінде теңіз жағалай отырған көп ауылдың тілімен айтсақ, «алтын балық» саналатын, бағасы да құнды, Еуропаға бірден-бір экспортталып отырған тісті де – Аралдың бір байлығы. Енді біз өз

уақытында арнасынан асып, ең терең жері 68 метр, ұзындығы 426, ені 284 шақырым болған теңіздің бұрынғы нөмі бүгінгі тіршілігін баяндап көрелік.

Жалпы Арал теңізінде балық өсіру және аулау барлық уақытта үкімет назарында болғаны белгілі. 1925 жылы құрылған Арал мемлекеттік балық өнеркәсібі тресті теңіз байлығын игеру, аулау, өңдеу жұмыстарымен тікелей айналысты. Сол уақытта балық зауыттары мен цехтар түгелдей осы трестің құрамында болды.

Деректерде 30-жылдары Арал маңайында 38 балық колхозы болғаны айтылады. Ал теңіздің тасып тұрған дәуірінде, яғни, 1940-1950 жылдары 8 мың балықшы, 6,5 жұмысшы мен қызметкер еңбек еткен. Балық аулаумен айналысатын елді мекендерде 20 мыңнан астам тұрғын тіркеліпті. Ондағы балықшылар жыл сайын аулау межесін ұлғайтып отырған. Жалғыз теңіз ғана емес, дария мен Қамыстыбас, сондай-ақ аудан территориясындағы Ақшатау, Қаракөл, Райым, Жаланаң, Шөмішкөл, Қотанкөл, Тұшыкөл, Қарашалаң, т.б. көлдерден балық ауланған. Тіпті соғыстың ауыр жылдарында біздің балықшылар 23430 тонна сапалы балықты Отан қорғаушылар мен туысқан республикаларға көмек ретінде жіберген. Ал 30-жылдары Мойнақ пен Арал қаласында салынған консерві зауыты жылына 6 миллионнан астам консерві шығарғанын баса айтуымыз керек.

Тағы бір айтатын нәрсе, 1925 жылы Арал кеме жөндеу шеберханасының орнына жаңадан механикаландырылған қуатты зауыт салынды. Жыл сайын өз мүмкіндіктерін жетілдірген зауыт 1932 жылы қуаттылығы 300 аттың күшіне тең «Ким» пароходын жасаған. Зауыт 1992 жылы атауын өзгертіп, «Арал вагон жөндеу зауыты» болып аталды.

Бір жақсысы, қазіргідей емес, сол уақыттағы отырықшы балықшылар наурыз айынан бастап тамызға дейін көл мен дариядан балық сүзбепті. Уылдырық шашып, көбеюіне мүмкіндік берген. Мұндай кезде олар көшіп жүріп, теңіздің Қаратүгі, Жыңғылтөбе деген жерлеріне ау төккен. Тағы бір біле жүретін нәрсе, балықшылар жылдың әр мезгілінде аулау құралдарын өзгертіп отырған. Олар жылым қайық, ау қайық, қабадан қайық, қыс жылым, жаз жылым, күз жылым, кермеше, сазан ау, тыран ау, тарта ауы пайдаланды.

Теңіз тарихында балықтың қыста да, жазда да ауланғанын айттық. Мысалы, желтоқсан туысымен балық Камбаш көлінен ауланған. Бұл көл сол кездегі барлық балықшы колхоздарға ортақ болғандықтан, өзара бөліс арқылы ау салынды. Сол өрбір колхоз 1945-1960 жылдары Қамбаштан 400-500 центнерден балық аулапты. Сондай-ақ ең өнімді балық беретін көлдердің бірі – Ақшатау. Терең әрі



болады. Иә, бұл тізімге енбей қалғандары қаншама?!

Теңіз байлығын игеруде ерекше еңбегі үшін үш Социалистік Еңбек ерінен бөлек, үш балықшы «Ленин», 8 балықшы «Еңбек Қызыл ту» орденін алды. Сондай-ақ «Еңбек даңқы», «Құрмет» белгісі, «Балық шаруашылығына еңбек сіңірген қызметкер» атағымен, КСРО Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен, түрлі бағалы сыйлықпен марапатталғандар аз емес.

Бір өкініштісі, балық шаруашылығы 1990 жылдардан бастап тоқырауға ұшырады. Балықшылардың қарашанырағы – «Аралбалық» комбинаты өмір сүріп тоқтатты. Жеке-шелеңдіру жөелеуімен аудан атын әлемге танытқан кәсіпорын жана заман көшіне ілесе алмады. Ата-кәсіптің берекесімен бой көтерген, талай азаматтың маңдай тері сіңген, дәстүрі мен тарихы жазылған комбинат солай тараған еді.

## ЭКСПОРТ ӘЛЕУЕТІ

Балық шаруашылығы – дария жағалай қоныстанған елге ежелден сіңісті кәсіп. Тәуелсіздік жылдары теңіз төскейіндегі тіршілік нарыққа бейімделгендей болды.

Мәліметтерде Сыр өңірі 60-жылдары балық шаруашылығы бойынша республикада алдыңғы қатарда болғанын айтады. Кейін теңіз тартылды. Балық аулау божырай бастады. Тіпті жоғарыда айтқандай, балық аулап, оны өңдейтін кәсіпорындар мен шаруашылықтар жабылды. Балықшылар басқа өңірлерге көшіп кетті.

Мойындау керек, егемендіктің алғашқы жылдарында өмірде балық аулау тым қарқынды бола қоймады. Өйткені, бұрынғыдай шалқын теңіз жоқ. Бірақ Арал өңірі үшін ең маңызды болған «Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау» (САРАТС) жобасы іске асқан соң, бұл саланың біртіндеп дамығаны рас. Шынымен де теңіз суының тұздылығы 30 мг/л дейін өсіп, балық аулау мүлдем тоқтайтын деңгейге жеткенін мұнда ешкім де ұмытқан жоқ. Бір ғана мысал, 2000 жылы Солтүстік Арал теңізінен бар-жоғы 400 тонна балық ауланды. Онда да бір ғана түрі, камбала балығы еді. Егемендіктің басында осынша ғана ауланып келген балық көлемі қазір 20 есеге өсіп, бүгінде 8 мың тоннаға дейін жетті.

Тасыған теңізде балық зауыты

*Деректерде 30-жылдары Арал маңайында 38 балық колхозы болғаны айтылады. Ал теңіздің тасып тұрған дәуірінде, яғни, 1940-1950 жылдары 8 мың балықшы, 6,5 жұмысшы мен қызметкер еңбек еткен. Балық аулаумен айналысатын елді мекендерде 20 мыңнан астам тұрғын тіркеліпті. Ондағы балықшылар жыл сайын аулау межесін ұлғайтып отырған. Жалғыз теңіз ғана емес, дария мен Қамыстыбас, сондай-ақ аудан территориясындағы Ақшатау, Қаракөл, Райым, Жаланаң, Шөмішкөл, Қотанкөл, Тұшыкөл, Қарашалаң, т.б. көлдерден балық ауланған. Тіпті соғыстың ауыр жылдарында біздің балықшылар 23430 тонна сапалы балықты Отан қорғаушылар мен туысқан республикаларға көмек ретінде жіберген. Ал 30-жылдары Мойнақ пен Арал қаласында салынған консерві зауыты жылына 6 миллионнан астам консерві шығарғанын баса айтуымыз керек.*

мұндағы ауланған сазан балығының сапасы да жоғары болған.

Арал балықшылары 50-жылдардың басына дейін ауланған балықты түйе және ат шанамен тасыпты. 60-жылдардың басынан бастап қыста машинамен, жазда қайықпен жағалауға жеткізген. Мұзқалада қатырып, цех пен зауыттарға бұзылмаған күйде жеткізу қатаң қадағаланған.

Осы салада тер төгіп, ерен еңбегін аямаған балық шаруашылығының майталмандарын көптеп айтуға болады. Аралдан шыққан 16 Еңбек ерінің ішінде балық кәсібі бойынша үш адамның есімі аталады. Төлеген Әлімбетов, Ұштап Өтеулиева, Бақыт Рысқалов. Сондай-ақ 8 адам Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесіне депутат болды.

Балық өнеркәсібінің қалыптасуы мен дамуына аға буын – Уәйс Қосымов, Мақсұтқали Демесінов, Сейітхан Айсаяутов, Ералы Әкімов, Үлбibi Балымбетова, Тілеген Қалиев, Тілеулес Жаппасбаев, Әбжан Жантекеев, Хамит Мұсағалиев, Құдайберген Саржанов, Жалғасбек Сәлиев, Бәйділдә Жиенбаев сияқты азаматтар бар күш-жігерін аямалды. Кейінгі ұрпақ тағзым етіп, тәлім алатындардың қатарына Бегімбай Қосаев, Өтеп Өтеулов, Шымберген Сүйеубаев, Жетпісбай Байбосынов, Қали Құмаров, Маханбет Келімбетов, Әбжан Жантекеев, Қыстаубай Ембергенов, Әбдігани Жүсіпов, Жақсат Есімов, Төлебай Орынбаев, Берекет Омаров, Өмірзақ Рахметов, Сахитжан Сермағамбетов, Қаналы Әлімбетов, Дәуқара Аймағамбетов, Нарғали Демеуов, Дүйсенбі Қалабаев және Құлпаш Бисенова сияқты еңбегімен елге жаққандарды айтсақ

мен комбинаты көп болды дедік. Қазір де жоқ емес. Аралда 9 балық өңдеу зауыты бар. Бұлардың жылдық қуаты 24 мың тоннаға жуықтайды. Осы 9 зауыттың ішіндегі бесеуі балықты терең өңдеумен айналысады. Олар – «Agrofish 2020», «Арал СДО» ЖШС, «Камбала балық» балықшылар өндірістік орталығы, «СДО Карашалан» және «Aral seafood» ЖШС. Ал қалған «Ар-М-Кон», «Бөген СДО», «Қуаныш», «Zhalgasbay» сияқты шағын зауыттар балықты қатыру, мұздату және ыстау сияқты жұмыстарды атқарады.

Мойындау керек, балық аулау және оны экспорттауда Арал ауданының үлесі басым. Жыл сайын 7-8 мың тоннадай балық ауланып, өңделеді. Ал оқырманға бұған дейін белгілі, Аралдың балығын Еуропаға артып жүрміз. Әрине, белгілі бір талапқа сай экспортталады. Соның бірі – Еуропа нарығына шығуға мүмкіндік беретін «Еврокод» белгісі. Бұл екі-ақ кәсіпорында бар. Атап айтсақ, «Agrofish 2020» және «Арал сервисі» дайындау орталығы» ЖШС. Ал аудан бойынша 2020 жылы 2427, 2021 жылы 2722, ал былтыр 3266 тонна балық өнімдері өзге мемлекеттерге шығарылған. Аралдан шыққан балық Ресей, Польша, Өзбайжан, Германия, Грузия, Нидерланды, Венгрия мемлекеттеріне жөнелтілуде.

– Ең дәмді балық Аралдыкі. Уақытында әкелеріміз жылына орташа есеппен 20 мың тоннаға дейін балық аулаған. 70-жылдан бері қарай теңіз суы тұзданып, ашыған соң балық біртіндеп жоғала бастады. Бекіре, қаз, майбалық сияқты түрлері құрыды. Ал мына «Көкарал» бөгеті түскен соң су қайта

тұщыланып, көл мен дариядағы балық теңізге қайта түсті. Тұздылығы азайған соң балық саны да көбейеді емес пе? Бұл – балықшы ағайынның нағыз қуанышы еді. Оның үстіне 1996 жылы «Аралдан Каттагетке дейін» атты халықаралық Дания-Қазақстан жобасымен ащы суда өсетін камбала балығын аулаудың қыр-сырын даниялық әріптестерден үйреніп, соған машықтандық. Иә, сонау 70-жылдары теңіз тартылып, тұздана бастағанда мұнда камбала балығы жіберілген болатын. Кейін даниялықтардың әдісімен камбала ауланып, кейбір балықшылар өз кәсібін қайта оралғаны бар. Аудан төңірегінде балық зауыттары, цех, мұздатқыштар қайта ашылды. Қазір теңізден ауланатын 20-дан астам балық түрі бар. Экспортқа тістіден филе дайындап, қақталған, ысталған тыран мен тарта және қылыш балықтары

Сүлеймен дейтін ақсақалдардың шаңырағы отырды. Қамбаштың бер жағында көне колхоздың Ізі бар. «Сталин жолы» деп аталды. Сол елден де адамдар көшіп келді. Бес-алты жылдан соң мектеп, медпункт салынды. Дәуқара Аймағамбетов басшылыққа келген жылы осы Қосжарда шиферлі там көбейген. Қазір бұл ауылда 100-ге жуық шаңырақ бар. Біраз азамат сол балық мекемесінде, одан бөлек, мектеп пен балабақша, әкімшілік пен клуб үйінде қызмет істеп келеді, – деді бізден кездескен балық шаруашылығының ардагері Шарап Байбосынов ақсақал.

Қария өмірінің көп бөлігі питомникпен байланысты. Осы саладан зейнетке шыққан оның әлі де балық өсірушілерге үйретері көп. Бір қызығы, онда «жоғары білім», «диплом» деген нәрсе болмапты. Сірә, сол қатырма қағазды бұрынғы басшылар да керек етпеген сияқты. Шарап ата питомникте жай жұмысшы болып бастап, балықты қолдан көбейтудің жолын тәжірибе жүзінде үйренген. Сонысымен питомникте бас балық өсіруші деген лауазымға дейін өскен. Дала академиктері осылай пайда болған ғой.

Питомниктің тағы бір бөлімшесі Қаратерен ауылына қарасты «Тастақ» елді мекенінде де жұмыс істейді. Екеуінде де арнайы инкубациялық цехтар бар. Оның бірі гуманитарлық көме



даудында жүрміз, – дейді балық шаруашылығының ардагері, Арал ауданының Құрметті азаматы Әділбек Әйімбетов.

Айтпақшы, теңіз байлығын сақтауда атқарылып жатқан шаруалар жоқ деп мүлде айта алмаймыз. Аудан территориясына қарасты питомник пен кейбір тоғандар бұл үделен шығып келеді. Балықты көбейту мен өсіруге ынталы жеке кәсіпкерлер де аз емес.

Ауданға қарасты Қосжар ауылында «Қамыстыбас балық өсіру питомнигі» мемлекеттік мекемесі бар. Бұл – облыстағы мемлекеттік тапсырыспен Арал өңірі, Сырдарияның төменгі құйылысындағы балық аулау кәсіпшілігіне ыңғайлы табуға су қоймалары мен көлдерге шабақ жіберумен айналысатын жалғыз мекеме.

Айта кетейік, Қосжар ауылы 57 жыл бұрын құрылған. Анығында 1966 жылы 5 наурызда Камбаш көлінің жағасынан теңіздің тартылуына байланысты балық өсіру питомнигінің құрылысы түсті. Мақсаты – теңізден азайып бара жатқан асылтұқымды сазан, дөңмандай, ақ амур секілді балық түрлерін сақтау, көбейту, өсіру. Питомник түскенің, жұмысшы қажет. Жақын маңайдағы ауылдан көшіп келушілердің көбейген кезі де осы тұс. Міне, бір питомниктің арқасында бір ауыл осылай пайда болған деседі. Ал Қосжар деген атауға келсек, көл жағалай арасы шақырымға жуық екі жар бар. Дәл ортада ауыл орналасқан. Қосжар атауы жер бедеріне байланысты берілгені осыдан-ақ белгілі.

арқылы Израильден әкелінген. Қазір мұнда балықтың үш түрі өсіріледі. Ақ амур, дөңмандай, тұқы. Бұлар өте бағалы балықтар қатарына жатады. Балықты өз уылдырығы арқылы ұрықтандырып, арнайы уылдырық шайқау цехы арқылы күтіп-бап-талады. Питомник жанындағы тоғандарда бір жаздық шабақтың салмағы күзге дейін 20 граммға жеткізіледі. Құрама жем беріліп, өсіп-өнуіне еш келергі жоқ. Осылай арнайы күтімге алынған шабақтар теңіз бен жақын маңайдағы көлдерге қыркүйек айында жіберіледі. Сондай-ақ су айтындарын жалға алып отырған табиғат пайдаланушылар да питомниктен шабақ алып, өз көлдеріне салады.

Айтпақшы, былтыр облыста «Балық шаруашылығын дамытудың 2021-2030 жылдарға арналған өңірлік бағдарламасы» бекітілген болатын. Бұл бойынша Арал ауданына қатысты тауарлы балық өндірісін ұлғайту үшін 7 көл тізімге енген. Атап айтатын болсақ, «Ақшатау-Сорғақ», «Домалақ», «Тұшы», «Қаракөл», «Алаша», «Ақбілек» және «Шөмішкөл» көлі. Қуанарлық, балықшыларға деген құрмет те жыл сайын артып келеді. Оның дәлелі ретінде, 50 жылдан соң алғаш рет 2015 жылы облыс әкімдігінің қолдауымен Арал өңірі балықшыларының слеті өтті. Балық шаруашылығы қызметкерлерінің көсібі мерекесі ресми түрде бекітілген. Олардың мәртебесі айқындалып, жыл сайын арнайы атап өтіп жүр.



# АЛТЫН АРҚАУЫ

## АРАЛДЫҢ «АҚ АЛТЫНЫ»

Арал жайлы ақтарыла келіп, ондағы тұз өндірісін айтпай кетуге болмайды. Бұрынғы кеңес дәуірінде Аралдың тұзын пайдаланбаған ел кемде-кем. Қазір де ТМД мемлекеттері тұтынатын осы байлық көзі аудан орталығынан 15 шақырым жердегі Жақсыкылыш кентінде өндіріледі.

Әу баста жергілікті тұрғындар көл бетіндегі тұзды қолмен жинап, балық пен етті тұздауға пайдаланған. Сатумен мүлде айналыспапты. Халық арасындағы кейбір емшілердің киелі зат ретінде адам емдеуге пайдаланғаны туралы да айтылады. Ал жалпы Арал тұзын пайдалану «Орынбор-Ташкент» теміржол құрылысымен байланысты. Осы арқылы орыс көпестері сарқылмас балық көзін игере бастаған.

1925 жылы «Тұз» деген шағын артель құрылып, қазіргі Жақсыкылыш кентінің іргетасы қаланған. Мұнда бір орта мектеп, балабақша, кітапхана, монша және аурухана жұмыс істеген. «Тұз» артели 1927 жылы «Сольтрест» аталады. Сол жылдары кәсіпорындағы жұмыстың барлығы да қолмен атқарылып, жұмысшылар тұзды сүйеммен қазып, вагондарға тиеді. Кейбір мәліметтерде тұзды орталыққа (Арал қаласы) түйемен

болған. Сырдария жиегінде, яғни, Аманөткел ауылы қасындағы «Хан» өткелі маңындағы 35 гектар жерге жыл сайын егін егілді. Комбинаттың өзіне тиесілі көлінде сазан, қарп, ақ амур, тыран өсірілген. Ал қырдағы мал фермасында қой, жылқы, түйе бағылды. Соның арқасында жұмысшыларға арзан бағамен бақша өнімдері, картоп, ет және сүт сатылған. Жалпы комбинатта сол кездері мыңнан астам адам жұмыс істеген. Кәсіпорынның қалыптасуы мен дамуында бірнеше буын өкілдері өлшеусіз еңбек етіп, қоғамға өз үлестерін қосты. Ал комбинатта елу жылдан астам тер төккен Әбжәми Сарымсақов тұз өндірісінде Социалистік Еңбек ері атанған бірден-бір азамат еді. Бұдан өзге, бірнеше жұмысшы-кешілер мен машинистер «Еңбек Қызыл ту» орденімен марапатталды.

Тәуелсіздікке ере келген тоқыраумен бірге «Аралтұз» комбинаты да қиыншылыққа ұшырады. Кезінде одақтың елуден астам қаласына өз өнімін жіберген кәсіпорын күрделі жағдайды бастан кешті. Сол жылдары тұз қазу 45 пайызға кеміген.

Сол қиындықты артта қалдырған аралтұздықтар бүгінде аудан өнеркәсібінің көшбасшысына айналды. Білікті басшы, тәжірибелі мамандар арқасында кәсіпорынға жаңа технология енгізілді. Өнім рыногі қалыптасып, сапаны арттыру жолында көп жұмыс атқарылды. Аралдың ақ алтынын өндіретін алып кәсіпорын кейінгі жылдары үшінші заманауи испан цехын іске қосып үлгерді. Жалпы бүгінгі «Аралтұз»

жететін су беріпті-мыс. Малшылар жайылған мал түспесін деп күзде қыстауға көшіріле көміп, жазғы-тұры қайта аршып алатын көрінеді.

Архивті ақтарсаңыз, Аралда мал шаруашылығы, әсіресе, қой басын көбейтуге ерекше көңіл бөлінгенін байқайсыз. 1957 жылы аудандағы майда колхоздар біріктіріліп, соның нәтижесінде ірі төрт совхоз пайда болды. «Арал», «Қарақұм», «Приарал» және «Құланды» жылқы зауыты болып, ал 1965 жылы «Қарақұм» мен «Құланды» жылқы зауытының қой фермалары есебінен «Жіңішкеқұм» совхозы құрылыпты.

1970 жылғы статистикалық мәліметке сәйкес, ауданда 161200 қой-ешкі, 20 мыңға жуық ірі қара, 5400 бас жылқы және 8500 түйе болған. Ал 1992 жылы 141 мыңнан астам уақ мал, 8 мыңға жуық сиыр, 9480 бас жылқы, 3226 бас түйе тіркелген.

Төрт түлікті өрістетіп, одаққа танылған жылқышылар – Көшербай Дәрібаев, Бәлекеш Ермағамбетов, Дузбай Есболов, Сейтмағамбет Жаналиев, Өтеген Қазанғалов, Жүсіп Кенжебаев, Мұқыш Нұржаубаев, жылқы фермасының меңгерушісі Құдайберген Сманов, шопандар – Маханбетали Ешнұзиев, Түкеш Тәжіғұлов, Әлмұрат Лепесов және Мұрат Шалабаев Социалистік Еңбек ері атанды.

Мал баққан ағайынның бейнеті өз алдына бөлек әңгіме. Қыстың қытымыр аязы, жаздың ыстық аптабы шопан пен жылқышыға, түйеші мен сиыршыға оңай болмағаны белгілі. Мақаламызды белгілі ардагер жур-

қамтылды. Асылтұқымды түліктер алынды, мал шаруашылығының өнімдері жоспарлы түрде сатылып, миллиондаған табыс әкелді. Сенсеңіз, әр совхозда мал емдейтін, ауруды алдын ала зерттейтін ветеринарлық пункттер ұйымдастырылды. Әр совхоз, оған қарасты ферма орталықтарында зоотехник, ветдәрігер, агроном, механик, экономист-есепші сияқты мамандар жеткілікті еді. Малшыларға автодүкен, ауызсу, керекті басқа дүниелер, кітап, журнал-газеттер уақытылы жетіп тұрды. Жалпы еңбек адамына деген құрмет жақсы еді. Ал мал басының көбеюі 1980-1990 жылдары болды. Бір ғана мысал, сол мен қызмет істеген «Арал» совхозы бойынша қысқа 56 мың бас аналық қой түсетін. Ал көктемде бұл көрсеткіш төлімен 80-90 басқа дейін жетеді, – дейді Арал ауданының Құрметті азаматы Жаббарберді Бержанов.

Жалпы 1960-1990 жылдары Арал ауданы бойынша орта есеппен әр жүз аналықтан 105-110 қозы, 50-60 бұзау, 70-80 құлын және 40-50 ботадан төл алыныпты. Бұл облыс көрсеткішінен де жоғары еді. Осындай табыстары үшін аудан бірнеше дүркін одақтың, республика мен облыстың сыйлықтары мен «Қызыл туларын» жеңіп алған. Расымен аға буын өкілдері сол уақыттағы жүздеген малыш мен сауыншылардың еңбегі елеусіз қалмағанын жиі айтады. Қ.Бердімағамбетов, Б.Баймағамбетов, С.Мерекбаев, Қ.Айтбаев, Ш.Демесінов, А.Оразалиева, Т.Өтеп-

дық жерлерге, қалған 1,9 млрд теңгесі Арал қаласына салынған.

Ауданда кәсіпкерлік саласы бойынша көрсеткіш те жоғары. Құрылыс қарқыны да үлкен. «Көгілдір отын» тарту бойынша ауқымды жобалар бар. 12 мың халқы бар Сексеуіл кентін газбен қамтамасыз ету мақсатында биыл республикалық бюджеттен қомақты қаржы бөлінген. Бүгінде құрылыс-монтаждау жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар, электр желілерін жаңалау, көшелерді жарықтандыру ауызсу мен аяқсу мәселесі ұдайы басшылық назарында. Жолдар жаңаруда. Сондай-ақ, көптен айтылып келе жатқан, Арал қаласын екіге бөліп жатқан теміржол үстінен өтетін аспалы көпір мәселесі шешімін тауып, құрылысы басталып кетті.

Өндірісті дамытуда кейінгі жылдары жарқын жобалар жоқ емес. Ауданда «Қазақстан Аквакультура LTD» ЖШС-ның «Балықты тереңнен өңдеу және пластикалық қайық жасау» зауыты ашылып, онда 18 адам жұмыс істеуде. «Арал кварц» ЖШС-на қарасты «Кварц құмы кен байыту комбинаты» бойынша 45 адам жұмысқа тұрып, кәсіпорын байытылған кварц құмын дайындауда. Тағы бір мысал, «Жаңа Арал» ЖШС техникалық тұз өндіру цехы былтыр 46932 тонна техникалық тұз өндірген.

Білім берісінде аудан оқушылары талай долада топ жарып, облыс пен республикалық олимпиадаларда алғашқы орындарды алып жүр. Спортшы қыз-жігіттер аудан атын шетелге танытып, өнерлі жастар түрлі конкурстардың жүлдесін қанжығасына байлап келеді.

Білім саласы демекші, ауданға қарасты елді мекендердің көпшілігінде жаңа мектеп салынған. Еңселі ғимарат ішінде керектің барлығы бар. Бастысы, бала біткенге сапалы білім, саналы тәрбие беріле болғаны. Ең қуаныштысы, ел Президентінің 2025 жылға дейін 3 ауысымдық және апаттық жағдайдағы мектептерді жою жөніндегі тапсырмасына сәйкес, Арал ауданында 10 мектеп салу жоспарланған. Ал оның төрттеуі «Жайлы мектеп» бағдарламасы аясында салынбақ.

Биыл Арал ауданындағы «Тастүбек» және «Жалғызарым» елді мекендерінде медициналық бекеттер салынып, пайдалануға берілген еді. Қазір Бөген мен Қызылжар ауылында әрқайсысының құны 400 млн теңгеге жуық қаржыны құрайтын дәрігерлік амбулаторияның құрылысы жүруде. Бұл мезгілде 20 адамға қызмет көрсететін медициналық орталық қараша айының соңына дейін ел игілігіне берілмек. Ал жалпы аудандағы 55 медициналық мекемеде 139 дәрігер мен 690 орта бұйынды маман қызмет көрсетіп келеді.

Теңіз қашқалы экологиялық ахуалдың күрделене түскеніне бөріне мәлім. Теңіз табанынан ұшқан құмды дауыл тонналаған ұятты тұз бен шаң-тозанды ауаға таратып, барлық тіршілікке кері әсерін тигізді. Бір ғана мысал, суы құрғаған аймақтан ұшқан құмды дауыл ұзыннан 400, көлденеңнен 40 шақырымға дейін жетеді екен. Шаңды дауылдардың радиусы 300 шақырымды қамтып отыр. Ал бүгінде табиғатты ұшқан тұз бен құм көшкірлерінен сақтайтын бірден-бір амал теңіз ұлтанына сексеуіл, сарысазан, қарабарак сияқты галафитті өсімдіктерді егу екенін кейінгі 20-25 жылдың тәжірибесі дәлелдеп отыр.

Жалпы бұл жұмыстар өткен ғасырдың 80-жылдарының ортасында басталған еді. Қазақ орман ғылыми-зерттеу институты ғалымдары ұсынған бұл жоба 1993 жылға дейін жалғасты. Сол уақытта 54 мың гектардан аса құрғаған теңіз ұлтанына бізделгі барлық орман мекемелері жұмылдырылды. Солардың күшімен сексеуіл, сарысазан, жыңғыл егілген. Еңбектің нәтижесі жоқ емес. 20,7 мың гектар сексеуіл, 11,7 мың гектар сарысазан, 1,5 мың гектар жыңғыл табиғи көбею деңгейіне жеткен.

Қазір Арал теңізінің құрғаған ұлтанына 2021-2025 жылдар аралығында 1,1 млн гектар сексеуіл екепелерін ұлғайту жөнінде шаралар кешенін қабылдау туралы тапсырма бар. Соған сәйкес, 2022-2025 жылдар аралығында жыл сайын 250 мың гектар фитоорманмелиорациялық жұмыстар атқарылууда.


Екіншіден, мұндағы табиғат байлығын сақтауда «Барсақалемес» мемлекеттік табиғи қорығының маңызы ерекше. Тұран шолінің солтүстік және орташа экожүйелерін қорғайтын Еуразиядағы бірден-бір қорықта түркімен құланды, ақбөкен мен қарақұйрық мекендейді. Айтпақшы, қорық маңында орналасқан мазарлар мен көне қала үйінділері бар. Бір замандарда гүлденген қалалар мен сәулетті ескерткіштер табиғаттың тысылм күшімен су астында қалып, кейін Арал тартылған соң теңіз табанынан табылған жәдігерлер – «Арал-асар» қонысы мен «Кердері» кенелері де Арал тарихының тым әріде жатқанын дәлелдеп тұр емес пе?!

Иә, Аралдың бүгінгі даму деңгейіне аз-кем сипаттама бергендейміз. Шын мәнінде, теңізді өлкеде түлеген шаруа жеткілікті. Айтар да, жазар да жетістігі мұнан да аз емес. Сан сындарлы кезеңнен өткен айданды Арал бүгінде жаңа бағытта дамып, сәулеті мен сәні келіскен мекенге айналып келеді. Теңіз маржанын сүзіп, төрт түлікті баптаған аралдықтардың еңбегі қашан да құрметке лайық. Ал біз «басты байлығым – бірлігім» дейтін осындағы жұрттың болашағы жарқын, келешегі кемел деп нық сеніммен айта аламыз.

Қызылорда-Арал-Қызылорда

Архивті ақтарсаңыз, Аралда мал шаруашылығы, әсіресе, қой басын көбейтуге ерекше көңіл бөлінгенін байқайсыз. 1957 жылы аудандағы майда колхоздар біріктіріліп, соның нәтижесінде ірі төрт совхоз пайда болды. «Арал», «Қарақұм», «Приарал» және «Құланды» жылқы зауыты болып, ал 1965 жылы «Қарақұм» мен «Құланды» жылқы зауытының қой фермалары есебінен «Жіңішкеқұм» совхозы құрылыпты.

1970 жылғы статистикалық мәліметке сәйкес, ауданда 161200 қой-ешкі, 20 мыңға жуық ірі қара, 5400 бас жылқы және 8500 түйе болған. Ал 1992 жылы 141 мыңнан астам уақ мал, 8 мыңға жуық сиыр, 9480 бас жылқы, 3226 бас түйе тіркелген.



## ТӨРТ ТҮЛІКТІ ТҮЛЕТІП...

Арал ауданының балық колхоздары мен зауыттары балық аулаумен қатар, төрт түлік өсіруде де алда жүрді. Олар біріншіден, балықшыларды жұмыс көлімен қамтамасыз етсе, екіншіден, ет, сүт, жүн сияқты керектілерді өндіріп. Бір ғана мысал, Тастүбек, Қаратұз, Бөген, Қарашалаң және Аманөткел сияқты балықшы ауылдарда 1000-1500 бас жылқы, 300-400 басқа дейін түйе болған.

Көнекөз ақсақалдардың айтуынша, теңіз қайтпай тұрып, Аралдың Қарақұм беткейіндегі Дөңгексор, Сазды деп аталатын жерлерден жарты метр құдық қазса, бүкіл ауыл немесе үйір-үйір жылқыға

налист, Қазақ КСР еңбек сіңірген мәдениет қызметкері Шәкірат Дәрмағанбетовтың естелігімен толықтырсақ.

– 1979 жылдың мамырында, яғни көктемнің соңғы айында «Арал» кеңшарынан 4,5 мың саулық шығын болды деген дерек бар. Осы жайлы мал шаруашылығының ардагері Жаббарберді Бержановпен сөйлескенімде сол уақыттағы оқиғаға қанық болдым. Ол жайлы мақала жаздым да, Бержановтың айтуынша, мал төлдеп, қой қырылып жатқан мезгіл екен. Кешкілік күн суытып, қатты борасын болады. Қойлардың дені қырылған. Мұндайда тоңған қой қоршауды бұзып, ыққа жөңкілі мүмкін. Ол үшін тыным бермей қозғау керек. Сол уақытта отарды әр үйдің қорасына бөліп қамап, аман қалдырған. Бержановтың өзі басқаратын фермадан 250 бас шығын болыпты. Көбісі кеңшарға қарасты екінші және үшінші фермалардан екен. Әсіресе 2-ші фермадан өлім-жітім көп болған. Ұйтқи соққан дауылда қойлар қоршауды бұзып кеткен. Шамасы он төрттей саулық отар. Тек аға шопандар Салжекен Еңсебаев пен Жарылқап Амановтан ғана шығын жоқ. Олар отарды қалай аман алып қалған? Айтайық. Ініре борасын басталған соң қоршаудағы қойдың жел жағына шопан Салжекен үйдегі бар көрпесекті, алаша-кілемді тұтқан да қойларды тынымсыз қозғай берген дейді. Жарылқап та сөйтсе керек. Табиғаттың «тосын сыйына» төтеп берген осындай шопандарды қалай құрметтейсің?! – деп әңгімелейді Шәкірат ақсақал.

Ақсақалдың айтуынша, 10 жыл ферма зоотехнигі, 21 жыл ферма басқарып, яғни, кеңшар тараған 1997 жылға дейін мемлекеттік қызмет атқарып, 1976, 1977, 1980 жылдары «Социалистік жарыстың жеңімпазы» белгісімен марапатталған Жаббарберді Бержановтың КСРО халық шаруашылығын дамытуға қосқан үлесі бағаланып, 1980-1984 жылдары, яғни екі рет қола медалін омырауына тағады. Озаттар сапында Финляндияға аттанып, Хельсинкиден бастап он бір қаласын көру құрметіне ие болған. Кәсіподақтардың облыстық, аудандық партия конференцияларына және ауылдық кеңеске әлденеше рет делегат және депутат болып сайланып. Кеңшар тарағанын жеке серіктестігін құрып, 2005 жылы ғана зейнетке шығыпты.

– Ол уақыттары Аралдағы мал шаруашылығы көптеген жетістікке жетті. Колхоздардың бірігуінің арқасында жаңа совхоздар жаңа жерге қоныстанып, шаруашылыққа қажетті қора, жем-шөп қорын дайындауға баса мән берілген. Білікті мамандардың арқасында барлық мал бағытындағы совхоздары ауыл шаруашылығы машиналарымен

ова, К.Қиянбаева, Б.Раханова, т.б. озаттар марапат биігінен көрінген. Ауыл шаруашылығын дамытуда ерен еңбегімен Талекен Сырымов, Байжан Бижанов, Рахматулла Исаев, Қоңырбай Рыстығұлов сынды білікті маман-басшылар да ел арасында құрметке ие болды.

Әрине, ол дәуірді бүгінгі уақытпен салыстыруға келмес. Дегенмен де, Аралдағы мал басы кейінгі жылдары едәуір өскен. Жеке тұрғындардан бөлек, ірі шаруашылықтар да ірі қара өсіруге ден қойған. Мысалы, былтыр аудандағы барлық ауыл шаруашылығы құрылымдарында 53602 бас мүйізді ірі қара, 83786 бас қой мен ешкі, 49309 бас жылқы, 33305 бас түйе болыпты. Ауданда мал басы 1990 жылдармен салыстырғанда сиыр, жылқы, түйе түлігі 3-4 есеге дейін өскен. Сондай-ақ кейінгі үш жылда Аралға асылтұқымды сиыр мен қой тұқымдары келген. Мұнымен арнайы 14 шаруашылық айналысып отыр.

## ДАМУДЫҢ ДАҒҒЫЛ ЖОЛЫ НЕМЕСЕ СӨЗ ҚАЙЫРЫМ

Қош, ғасырға жуық тарих белесінде Аралдағы балық кәсібі, тұз өндірісі және атакәсіп – мал шаруашылығы жайында сөз еттік. Өйткені, балықтың аталарымен бірге қырда мал бағып, төрт түлікті көбейткендерді ұмытуға болмайды. Ауданның 16 еңбеккері де осы салаларда Социалистік Еңбек ері атанды. Сондай-ақ Ұлы Отан соғысында ерлік көрсеткен ардақтымыз да көп.

Тарихты тым әріге шегіндірмей-ақ, бергі жағын қозғасақ та Аралда туған белгілі тұлғалар жетерлік. Республика және шетелдерде аты танылған азаматтардың туған өлкесі бұл. Халық жазушысы Әбдіжәміл Нұрпейісов, жазушы-ақындар Зейнолла Шүкүров, Жарасқан Әбдірашов, Шөмішбай Сариев, Мешітбай Құтықов, Қуаныш Жиенбай, Сайлаубай Жұбатыров, Молдахмет Қаназ, Бауыржан Омаров, Қазақстан Республикасының тұңғыш Премьер-министрі Ұзақбай Қараманов, білікті басшы Тәкей Есетов, өнер майталмандары Әбілхан Маханов, Құдайберген Сұлтанбаев, Елмура Жанабегенова сынды таланттар шыққан қасиетті жер. Жалғыз қазақ емес, бірнеше ұлт өкілі тізе қосып, тіршілік еткен, бауырмалдықтың ұясы болған аудан.

Жалпы Арал ауданының әлеуметтік-экономикалық жағдайы жыл сайын көңіл қуанарлықтай. Негізгі көрсеткіштер бойынша оң динамика бар. Өңірде түйткілді мәселелер ретімен шешімін тауда. Мысалы, жыл басынан бері ауданға 7,7 млрд теңгеге жуық инвестиция тартылып, өсім екі есеге артқан. Тартылған инвестицияның 75 пайызы, яғни, 5,8 млрд теңгесі ауыл-





# Түбектен түлеп ұшқан талант

Сұлу Сырдың сағасындағы Шөмішкөлге жақын Сорғақ пен Ақшатау көлдерінің ортасында оншақты үйдің түтіні будақтаған «Шабантүбек» деген жер бар. Сол үйлердің бірі – ерлі-зайыпты балықшы Ерлы мен Алтыншаштың құтты қонысы. Өмірлерінің өркені Қиғаш, Ұмытқан есімді екі қыздан кейін үмітті ұлдары Оңталап та осында дүниеге келді. Бұл шаңырақта кезінде әйгілі Жетес бидің келіні атанған, бидің туымды баласы Қаналыға тұрмысқа шығып, кейін ол кенеттен қайтыс болған соң, қайын жұртының рұқсатымен төркініне оралған, осы шаңырақтың иесі Ерлының туған апасы Жұмагүл де бірге тұрып жатты.



журналының редакциясына соқты. Хатышы қыздан сұраса, Түркиядан бүгін келіп, енді Мәскеуге жүруге дайындалып жатыр екен. Хатышы қыздың: «Ағай, бұрын-соңды келіп көрмегенсіз, ол – өте қиын адам. Әңгімеңіз сөйкес келмесе кеңсесінен өзі шығып кете береді, сізге шық деп айтпайды» деген сөзі Оңталапты ойландырып тастады. Сонда да нартуөкел деп кірді. Өзі жазу стольнда, Оңталап диванда. Сәлем-сауқаттан соң салмаққа сұхбат басталып кетті. Әңгімелері жарасқаннан кейін: «Сен мені қайдан танысың?» деп отырған орындығын көтеріп әкеліп, Оңталапқа қарама-қарсы қойды. Ол Мұханды 7-сыныптан, «Қазақстан пионері» газетінен танытынын, «Біздің лауреаттар» атты жыр жинағын жас кезінен жатқа айтатынын, көңіліне жаққан өлеңдерін өнге қосып айтып жүргенін әңгімелеп, өзі әлі күнге дейін білетін бір-екі өлеңін ортаға салғанда ақын ағасы риза болды. Жүмекен, Әбілда, Фариза, Төлегеннің өлеңдері жайлы сөз қозғап, сұхбатын теңгеруде түсті. Екі сағат емен-жарқын әңгімеден кейін шайға шақырып әйт, оған Оңталап ауылға қайтатын пойыздың сағаты болып қалғанын айтып, осынама уақыт бөліп, жылы қабылдағанына ризашылығын білдіріп, кабинеттен көңілді шықты. Армандап жүрген ақын ағасымен жарқын жүздесуі қиялына қиял, ойына ой қосып, бұрынғыдан да қанаттандыра, шабыттандыра түсті. Сондықтан да ғой Оңталап:

– Бір жұлдызым жарқырап көктем жанып,  
Мен өзіңе жерім жоқ,  
Кеткен нәліп.  
Касиетті қара өлең сен барында,  
Пай-пай, мына дүние,  
– деп жыр әлеміне жаңа көзқараспен келді.  
Өзінің алғашқы ұстазы саналатын анасы Алтыншаштың бойына жастайынан сіңірген халықтық жыр-дастандардан жеткен қазақтың қара өлеңінің қайнарын ханып ішкен, «Шабантүбектен» түлеп ұшқан талант Оңталап Базаралиев бүгінде алыптың асқарына шықты. Баспадан жаңа жарық көрген «Алау» атты кітабын айналамына той шашуындай шаулаша.

Жұмабай ЖАҚЫП,  
Қазақстан Журналистер  
Одағы сыйлығының иегері

соның үйінде тұрып жатты. Мектеп бітіретін 1981 жыл Оңталап үшін өте ауыр болды. 7-сыныпты бітіргенде анасынан айырылса, енді міне, жалғыз қамқоршысы Жұмагүл апасы да қақаған ақпан айында жарық дүниеден қолтаңасып кете барды. Енді бар сүйенері ауылдағы немере ағасы Жұмабай. Сол ағасы жағдайын біліп, азық-түліктен көмек беріп тұрды.

Міне, оқу жылы да аяқталды. Сыныпта 10 ұл, 15 қыз бар. Жан-жағы барлар жоғары оқу орнына баратын болып талап-танып жатыр. Ал Оңталап қайда барсын?! Кімге сенеді, кімге сүйенеді?! Айналасы атшаптырым шалғай Шабантүбек, Шөмішкөл, Қызылжардан басқа жер көріп, ел танып па?

Иә, ол осылай ауылда қалды. Арманы – әкесі мен анасының кәсібін қайта тірілтіп, балықшы болып, солардың үзілген жолын жалғастыру. Одан қалды оншадағы ермегі ақ дәптер мен қазақтың қара өлеңі. Осы екеуі жалғыздықтан жалықтырған көк. Өзімен-өзі сырласады, өзімен-өзі мұңдасады. Санадағы отты ойлары мен сәулелі сезімдері өзгеше өлең болып өріледі. Жан шуағындай жыр болып төгіледі.

– Қара сөз қазығына ат байладым,  
Қара өлең қалам ұстап қақпайладым.  
Тілегім – толқып атқан ақ қайнарым,  
Жүрегім – кір шалмаған ақ байрағым, – деп қара сөздің қайнарынан қанып ішіп, бала қырандай қанаттанған Оңталап қаймықпай қалам тербей берді. Ойдан өлең, жүрекпен жыр төгіліп, құпия дәптері қалындай түсті.

Мектеп бітіріп, үйде жалғыз қалған Оңталапты көп ұзамай Аралдағы ана-жездесі қамқорлығына алып, қалаға көшіріп әкелді. Бәрине бастығылық жасап жүрген аудандық автоинспекцияда қызмет істейтін жездесі Алдамжар Әбілов. Қызылжардағы үйді бұзып, қаладағы үйінің қасынан жер алып, дәл сондай өлшемде іргетасын құйып, Оңталаптың шаңырағын қайта көтерді. «Енді не істейсің? Оқисың ба, әлде жұмыс істейсің бе?» дегенде машинасы көретін Оңталап: «Шопыр боламын» деді. Жездесі Алдамжар ұзатпай қаладағы кәсіптік училищенің жүргізушілер дайлартын алты айлық курсына оқуға түсірді. Осында жүргенде ғой Оңталаптың жаңа достары оның жыр дәптерін көріп қалып «Ой, мынауыңды «Толқынға» беру керек қой. Сен апаруға жүрексің, бізге бер. Біз шығарамыз» деп өңмендеп қоймаған соң, ақыры өзі баруды ұйғарды.

Сол кездегі Ворошилов көшесі, №60 үйде орналасқан аудандық «Толқын» газеті редакциясының табылдығын бірінші аттағаны. Кең бөлмеде әкі жігіт отыр екен. Имене барып бұйымтайын айтып, қойнындағы қомпақты өлең дәптерін ұсынды. Қарап шыққан қара торы жігіт:

– Сенің бұл өлеңдеріңді бізде Серік деген ағаң бар, сол қарады. Ол бүгін жоқ. Сондықтан өртен көл. Өлеңдеріңді тастап кет, өзім тапсырамын, – деп шығарып салды. Бұл Қуанышбай Мұқашов та, одан жоғары отырған Өмірбек Төлепов болатын.

Ертеніне келсе Серік ағасы орнында отыр екен. Қолында

Оңталаптың өлеңдері. Танысып-білгеннен кейін:

– Өлеңдерің төп-тәуір екен. Әсіресе тақырып таңдауы жақсы. Төрт-бес өлеңіңді топтап қойдым. Енді сен суретіңді әкеліп бер! – деді.

Өмірі ақынның алдын көрмеген Оңталапқа мұнан артық бақыт бар ма?! Рахметін қайта-қайта айтып, «Толқыннан» толқып шықты. Сол бойда аудандық банкте есепші болып қызмет істейтін Ұмытқан апасына келіп, бар жағдайды баяндап, суретке түсетуе ақша керек екенін айтып.

Оңталаптың «Толқынмен», ондағы ағаларымен таныстығы осылай басталып кетті. Аптасына үш рет шығатын газеттің әр санын асыға күтеді. Бірден шыға қоймас деп жүрген Оңталап сенбілікте шыққан газетті қолына алғаны сол, үшінші беттен өзінгі суретін көрді. Қасында төрт өлеңі бар. «Оңталап, саған оң талап!» деген үлкен тақырыппен топталып беріліпті. Өз өлеңін қайта-қайта оқиды. Түк өзгертілмеді. Сонда да дәптердегі емес, газетке шыққаны өте әсерлі. Төрт өлең емес-ау, төрт кітабы шыққандай қатты қуанды. Бала кезден бері босқа жазбапты, текке таппынбапты.

Осыдан бастап Оңталаптың өмірге өз бетінше қадам басқан есею жылдары жалғасып жатты. Алғашында киномеханик, одан соң автокөлік менгерушісі болып жүріп, кейіннен әдіскерлікке тағайындалды. Осында жүріп Р.Сейсенбаевтың «Қашқын», М.Мақатаевтың «Қош, махаббаты» спектакльдерін сахналап, екеуінде де басты ролде ойнады. Жұмыстан қол үзбей жүріп, Ақтөбе қаласындағы мәдени-ағарту училищесінің

режиссерлік факультетіне түсіп, оны 1994 жылы ойдағыдай бітіріп шыққан соң Қызылорда қаласына қоныс аударды.

Облыстағы үлкен кен орны «Құмкөл» мұнайкомпаниясының алғашында бетоншы, кейін қойма менгерушісі қызметін қолға алды. Қайда жүрсе де қаламы қолынан түскен жоқ. Заман өзгерісі, Арал тағдыры, замандастар бейнесі, өмір шындығы өлеңнің өзекті тақырыбы болды. 2002 жылы «Игілік бастауы» атты алғашқы жыр жинағы баспадан жарыққа шықты. Оған осы «Құмкөл» мұнай компаниясы басшылығы қаржылай қолдау көрсетті. Араға сегіз жыл салып ақынның екінші кітабы «Санадағы сәулелер» деген атпен оқырмандарына жол тартты.

Мұнан соң облыстық филармонияға сценарист қызметіне ауысқанда да өнімді жұмыс істеді. Жазғандары облыстық, республикалық басшылар мен әлеуметтік желілерде бірінші орынға шығып шығып жатты. Әсіресе жүрек қылғын шертетін лирикалық өлеңдерге ерекше ден қойды. Соның айғағындай «Армысыңдар, арулар!» кітабы дүниеге келді. Оның ізін ала «Ақсұңқар» атты жыр жинағы мен «Толыбай бағыр» атты тарихи жыр-дастан кітаптары Оңталаптың ақындық дәрежесін оған сайын асқақ көтеріп, азаматтық бейнесін сомдай түсті.

Сонау жастық шағындағы ұмытылмас ұстазы Дәулетбайдың осы қолы деген ақынның бүгінде көбі дүниеден өтіп, тек Мұхтар Шаханов ағасы ғана қалыпты. Ендігі мақсат – ақынның кездесіп, тілдесу. Алматыға келген бір сапарында әдейілеп «Жалын»

## «СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА БІРГЕ ҚАРСЫМЫЗ!» АТТЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАРНАМАНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАСТАР КОНКУРСЫНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕРІ

### I. Жалпы ережелер

1.1. Осы Қағидалар (бұдан әрі – қағидалар) «Сыбайлас жемқорлыққа бірге қарсымыз!» халықаралық жемқорлыққа қарсы (бұдан әрі – Конкурс), оның ішінде конкурстық қатысу шарттары, конкурстық қатысу үшін ұсынылған жұмыстарды бағалау критерийлері (бұдан әрі – Конкурстық жұмыс) және конкурстың финалдарын (жеңімпаздары мен жүлдегерлерін) айқындау.

1.2. Конкурстық Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Мемлекетаралық Кеңес (бұдан әрі – Мемлекетаралық кеңес) өткізеді.

1.3. Конкурстың бас ұйымдастырушысы Ресей Федерациясының Бас прокуратурасы (бұдан әрі – ұйымдастырушы) болып табылады. Конкурсты бірлесіп ұйымдастырушылар: Армения Республикасының Бас прокуратурасы, Беларусь Республикасының Бас прокуратурасы, Қырғыз Республикасының Бас прокуратурасы, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі, Тәжікстан Республикасының мемлекеттік қаржылық бақылау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (бұдан әрі – бірлесіп ұйымдастырушылар).

1.4. Конкурсқа Мемлекетаралық кеңесті құру туралы Келісімге қатысушы мемлекеттердің, сондай-ақ 14 пен 35 жас аралығындағы өзге де мемлекеттердің азаматтары (авторлар – жеке тұлғалар немесе шығармашылық ұжымдар) қатыса алады.

1.5. Байқау номинациялары: «Үздік плакат» және «Үздік бейнеролик».

1.6. Тақырыбы: «Сыбайлас жемқорлыққа бірге қарсымыз!».

1.7. Конкурстық жұмыстар (плакаттар мен бейнероликтер) www.anticorruption.life байқауының сайтында орыс тілінде қабылданады. Конкурстық жұмыстарды конкурсанттардың Ұлттық тілінде міндетті түрде орыс тіліне аудару отырып ұсынуға жол берілмейді (плакаттарда түсіндірме мәтін, бейнероликтерде – монтаждаған субтитрлер болуы тиіс).

1.8. Конкурстық жұмыстарды қабылдаудың басталуы – 01.05.2023 (Мәскеу уақыты бойынша 10:00-ден); аяқталуы – 01.10.2023 (Мәскеу уақыты бойынша 18:00-де).

1.9. Мақсатты аудиторияны конкурсу, оның мақсаттары, міндеттері мен өткізу шарттары туралы хабардар ету конкурсты ұйымдастырушы және бірлесіп ұйымдастырушыларға жүктеледі.

### II. Конкурстың мақсаттары мен міндеттері

2.1. Конкурстың мақсаты – жастарды сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға қатысуға, сыбайлас жемқорлық көріністерін болдырмау үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы әлеуметтік жарнаманы әзірлеуге және пайдалануға тарту; қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласындағы қызметті жүзеге асыратын ұйымдармен өзара іс-қимыл тәжірибесін қалыптастыру.

2.2. Конкурстың міндеттері: халықты сыбайлас жемқорлыққа қарсы ағарту; қоғамда сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзбейшілік қалыптастыру; сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелеріне жұртшылықтың назарын аудару, сондай-ақ прокуратура органдарының және осы саладағы қызметті жүзеге асыратын өзге де мемлекеттік органдардың ролі және нәтижелеріне;

прокуратура органдарына және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласындағы

қызметті жүзеге асыратын өзге де мемлекеттік органдарға деген сенімді нығайту; олар жүргізетін жұмысқа оң көзқарасты қалыптастыру.

### III. Конкурсты өткізу тәртібі мен мерзімдері

Конкурстық жұмыстарды тексеру және бағалау

3.1. Конкурстық жұмыстар мынадай критерийлер бойынша тексеріледі: мәлімделген тақырыпқа, осы Қағидалардың V бөлімінде көрсетілген техникалық талаптар мен шектеулерге сәйкестігі; плагиаттың болмауы; тақырыпты ашудың аргументтілігі мен тереңдігі; шығармашылығы, идеяның жаңалығы және жұмыстың орындалу сапасы; баяндау тілі мен стилінің дәлдігі мен нақтылығы; сыбайлас жемқорлыққа қарсы әлеуметтік жарнама ретінде олар әрі пайдаланудың әлеуетті мүмкіндігі.

Байқау екі кезеңде – жартылай финал мен финалда өткізіледі.

3.2. Конкурстың жартылай финалы (01.05.2023 – 20.10.2023)

Конкурсқа қатысушы мемлекеттердің әрқайсысында жеке өткізіледі. Жартылай финал шеңберінде Армения Республикасынан, Беларусь Республикасынан, Қазақстан Республикасынан, Қырғыз Республикасынан, Ресей Федерациясынан, Тәжікстан Республикасынан қатысушылар дайындалған конкурстық жұмыстарды іріктеуді осы Қағидалардың 1.3-тармағында көрсетілген осы Мемлекеттердің құзыретті органдары қалыптастыратын Ұлттық конкурстық комиссиялар қамтамасыз етеді.

Жартылай финал шеңберінде басқа шет мемлекеттерден қатысушылар дайындалған конкурстық жұмыстарды іріктеуді Ұлттық конкурстық комиссиялар немесе осы Мемлекеттердің құзыретті органдары (бұдан әрі – өзге құзыретті органдар) қамтамасыз етеді. Егер аталған органдар конкурстық жұмыстарды тексеруге және бағалауға қатысуға ниет білдірмесе, оларды жартылай финал шеңберінде іріктеуді Ресей Федерациясының Ұлттық конкурстық комиссиясы қамтамасыз етеді.

Ұлттық конкурстық комиссиялар (өзге де құзыретті органдар) әрбір номинация бойынша конкурстың жартылай финалының жеңімпаздарын (I орын) және жүлдегерлерін (II және III орын) айқындайды.

Жартылай финал қорытындысы бойынша бірінші орын алған конкурстық жұмыстар (жеңімпаздар) конкурстың финалына өтеді. 3.3. Ұлттық конкурстық комиссиялар (өзге де құзыретті органдар) 20.10.2023 дейінгі мерзімде orgkonkurs@anticorruption.life электрондық поштаға арқылы ұйымдастырушыға ұлттық іріктеу қорытындысы бойынша (екі номинацияда да) бірінші орын алған конкурстық жұмыстарды (плакаттар мен бейнероликтер) және олардың авторлары туралы мәліметтерді – олардың конкурсу финалына қатысуын ұйымдастыру үшін жібереді.

Осы мерзімде Ұлттық конкурстық комиссиялар (өзге де құзыретті органдар) ұйымдастырушыға олардың конкурстың www.anticorruption.life ресми сайтында орналастыру үшін «10 үздік плакат» және «10 үздік бейнеролик» ұсынады («конкурсанттардың жұмыстары» бөлімінде) және конкурстық жұмыстардың түрлі көрмелерін (экспозицияларын) дайындау кезінде пайдалану.

3.4. Байқау финалы (20.10.2023 – 20.11.2023) Әр номинация бойынша конкурс финалының жеңімпаздары (I орын) мен жүлдегерлері (II және III орын) 5 балдық шкала бойынша

дауыс беру арқылы халықаралық қазылар алқасымен анықталады. Халықаралық қазылар алқасы мүшелерінің дауыс беруі байқауының www.anticorruption.life ресми сайтының ресурсын пайдалануа отырып, қашықтықтан жүргізіледі.

Финалға өткен конкурстық жұмыстардың арқайсысына қатысты халықаралық қазылар алқасының мүшесі конкурстық қатысушы нақты мемлекеттен 1-ден 5-ке дейінгі балдық шкала бойынша бір рет дауыс бере алады. Бұл ретте тиісті конкурстық қатысушы мемлекеттің халықаралық қазылар алқасының мүшесі өз елінен келген конкурсанттардың жұмысына дауыс бере алмайды.

3.5. Әр номинация бойынша конкурстың жеңімпаздары мен жүлдегерлері халықаралық қазылар алқасының дауыс беру нәтижелері бойынша жинаған ең жоғары орташа балына байланысты анықталады.

Бірнеше конкурстық жұмыстар қаржыаралық қазылар алқасының дауыс беру қорытындылары бойынша тең балл алған жағдайда, жүлделі орындар осы конкурстық жұмыстардың арқайсысының авторларына (авторлық ұжымдарды) беріледі.

Ұлттық конкурстық комиссиялар (өзге де құзыретті органдар) және халықаралық қазылар алқасы конкурстық қатысушылардың ешқайсысының белгілі бір номинацияда немесе конкурстың барлық номинацияларында жеңімпаз деп танымауға құқылы.

### IV. Ұлттық конкурстық комиссиялар, конкурстың халықаралық қазылар алқасы

4.1. Ұлттық конкурстық комиссияларды жұмыстарды іріктеу және конкурстың жартылай финалының жеңімпаздарын айқындау үшін конкурсты ұйымдастырушы мен бірлесіп ұйымдастырушылар, сондай-ақ мемлекетаралық кеңеске қатыспайтын Мемлекеттердің құзыретті органдары дербес қалыптастырады.

Конкурстың жартылай финалын өткізу, Ұлттық конкурстық комиссиялардың құрамын қалыптастыру, олардың қызметі мен конкурстық жұмыстарды бағалау, әрбір елде жартылай финалдың жеңімпаздарын марапаттау тәртібін конкурстық қатысушы мемлекеттер дербес айқындайды.

Ұлттық конкурстық комиссиялардың құрамына сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында құзыретті конкурстық қатысушы мемлекеттер органдарының; азаматтық қоғам институттарының; мәдениет және өнер саласындағы жоғары оқу орындарының; әлеуметтік жарнама саласындағы сарапшылардың өкілдерін қосу ұсынылады.

4.2. Ұйымдастырушы құрамына конкурсқа қатысушы әрбір мемлекеттің өкілдері Армения Республикасы Бас Прокуратурасынан; Беларусь Республикасы Бас Прокуратурасынан; Қырғыз Республикасы Бас Прокуратурасынан; Ресей Федерациясы Бас Прокуратурасынан; Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінен бір кандидат кіргізіп конкурстың халықаралық қазылар алқасын қалыптастырады; Тәжікстан Республикасының мемлекеттік қаржылық бақылау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттіктері; сондай-ақ қажет болған жағдайда-өзге шет мемлекеттердің құзыретті органдарының өкілдері, жоғары деңгейдегі сарапшылар (бейінді халықаралық ұйымдардың және шетелдік сыбайлас жемқорлыққа қарсы органдардың басшылары).

Бірлесіп ұйымдастырушылар, Ұлттық конкурстық комиссиялар (өзге де құзыретті

орғандар) 01.07.2023 дейінгі мерзімде ұйымдастырушыға конкурстың халықаралық қазылар алқасының құрамына енгізілуге жататын олардың өкілі туралы мәліметтерді ұсынады.

### V. Конкурсқа қатысушыларды тіркеу

Конкурстық жұмыстарға қойылатын техникалық талаптар

5.1. Конкурсқа қатысу үшін конкурстың ресми сайтында тіркеуден өтіп, тіркеу нысанын толтырып, конкурсу ережелерімен өз келісімін, сондай-ақ дербес деректерді өңдеуге келісімін растау қажет. Конкурстық жұмыстар электрондық түрде www.anticorruption.life байқауының ресми сайтындағы жеке кабинет арқылы жүктеледі.

5.2. «Үздік плакат» номинациясы бойынша файлды ұсыну форматтары: JPG, дұрыс арақатынасы және 300 dpi ажыратымдылығы бар А3 (297x420 мм) форматына сәйкес ажыратымдылық. Бір файлдың физикалық өлшемі 15 Мб-тан аспайды.

5.3. «Үздік бейнеролик» номинациясы бойынша файлды ұсыну форматтары: mp4 4 ажыратымдылығы 1920x1080p аспайды, файлдың физикалық өлшемі 300 Мб-тан аспайды. Уақыты: 120 секундтан аспайды. Дыбыс: 16 бит, стерео.

5.4. Конкурстық жұмыстар міндетті түрде конкурстық жұмыстың авторлық атауы, автордың тегі, аты, жасы (шығармашылық ұжымның атауы), мемлекеті көрсетілген орыс тіліндегі түсіндірме мәтінді (плакаттар үшін) немесе монтаждаған субтитрлерді (бейнероликтер үшін) қамтуға тиіс.

5.5. Шектеулер

Конкурстық жұмыстарда мыналар болмауы тиіс:

- конкурсқа қатысушы мемлекеттердің ішкі құқығына қайшы келетін, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының жұмысына нұқсан келтіретін, азаматтардың діни сезімдерін қорлайтын сахналық тұлғалар мен кейіпкерлердің мәтінін, саяхаттық, іс-әрекеттері;

- адамның қадір-қасиетін төмендететін балағат сөздермен сөз тіркестері, экспрессивті және жаргондық өрнектер, жасмын жарнама, темекі шегу, атыс және суық қару, жарылғыш заттар, жарылғыш қурылғылар жасау процесі, алкоголь және есірткі заттарын, басқа да психотроптық заттарды қолдану;

- нақты мекеңейлар мен телефондарды, діни қозғалыстар, оның ішінде діни рәміздер туралы ақпаратты, қолданыстағы тауар маркалары, тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері, жеке және заңды тұлғалар туралы атаулар мен ескертпелерді қорсету;

- фашистік атрибутика (свастика), зорлық-зомбылық көріністері, кемсітушіліктең кез келген түрлі, вандализм, адамдар мен жануарлардың дене азыптарын бейнелейтін қан, интимдік көріністер, жалаңаш адамдардың түрлері, адамның немесе адамдар тобының қадір-қасиетін қорлайтын кез келген түрдегі өзге де ақпарат, сондай-ақ денсаулыққа және (немесе) дамуына зиян келтіруге мүмкіндік ақпарат балалар, сондай-ақ экстремистік қызметті қоса жүзеге асыруға шақырулар бар;

- авторлық құқық туралы заңнамада рұқсат етілген шектерде туындыларға дәйексөз келтіру жағдайларын қоспағанда, басқа адамдардың мәтіндерін, бейне және аудио материалдарын (плагиат) пайдалануға жол берілмейді.

Осы шектеулер сақталмаған жағдайда жұмыс кез келген кезеңде Конкурсқа қатысуға жіберілмейді.

5.6. Конкурстық жұмыстар қайтарылмайды және ренцияланбайды.

5.7. Конкурстық ұйымдастырушы және бірлесіп ұйымдастырушылар, өзге де құзыретті

орғандар ағымдағы ұйымдастыру мәселелерін шешу үшін өз елінен келген конкурсанттармен кері байланысты дербес қамтамасыз етеді.

6.8. Конкурстың ресми сайтында 20.10.2023 жылдан кейін жалғасы беру үшін ұйымдастырушы осы Қағидалардың 3.3-тармағына сәйкес конкурсқа қатысушы мемлекеттердің ұлттық конкурстық комиссиялары (өзге де құзыретті органдары) іріктеген үздік конкурстық жұмыстарды жариялайды.

### VI. Конкурсның қорытындысын шығару



## Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің «Қызылорда гидрогеологиялық-мелиоративтік экспедициясы» РММ суармалы жерлердің мемлекеттік мелиорациялық мониторингінің нәтижелері бойынша ақпарат

2023 жылы Қызылорда облысы бойынша (жоспар бойынша – 265,3 мың га) қызмет көрсету аймағының кеңеюіне байланысты ҚР АШМ 22.02.2022 ж. №48 бұйрығына сәйкес мемлекеттік мелиорациялық мониторингпен 375,5 мың га суармалы жер, тұрақты мониторингпен қамтылды, оның ішінде облыстар бойынша: Қызылорда – 265,3 мың га, Ақтөбе – 30,3 мың га, Маңғыстау – 2,3 мың га, Батыс Қазақстан – 55,8 мың га, Атырау – 21,8 мың га. бұдан басқа, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің гидрогеологиялық-мелиорациялық қызметімен «Ирригациялық дренаждық жүйелерді жетілдіру жобасы», ИДЖЖ-1 нысандарында мелиорациялық мониторинг Қызылорда облысында (1,0 мың га), Батыс Қазақстан облысында (2,178 мың га) жүргізілуде.

2022 жылдың қорытынды есебі бойынша Қызылорда, Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Маңғыстау облыстарында жалпы ауданы 375,5 мың га суармалы жерлерге тұрақты мелиорациялық мониторинг жүргізу нәтижелері бойынша жақсы мелиорациялық жай-күйі бар санатқа 176,7 мың га (47%) жатқызылды. Мелиоративтік жағдайы қанағаттанарлық жерлер 127,8 мың га (34%) көлемінде ұсынылды. Мелиорациялық жағдайы қанағаттанарлықсыз жерлер бақылаудағы суармалы жерлердің жалпы 71,0 мың га (19%) жерін құрады.

2023 жылдың жұмыс жоспарына сәйкес (8 ай) жалған агро-мелиоративтік жұмыстар төменде көрсетілген.

- Суармалы жерлерді агро-мелиоративтік зерттеулер, барлық қызмет ету аймағы және «Ирригациялық дренаждық жүйелерді жетілдіру жобасы», ИДЖЖ-1 нысандары бойынша 295,0 мың га жүргізілді.

- Жер асты суларының деңгейлік-тұзды режим гидрогеологиялық бақылау 13328 дана өлшеу жұмыстары жүргізілді.

- Коллекторлық-дренаждық сулардың ағынын гидрогеологиялық өлшеу 640 рет өлшенді.

- Топырақ-мелиоративтік жұмыстар 7,0 мың га орындалды.

- Зертханалық талдаулар барлық қызмет ету аймағы бойынша топырақ және су үлгілеріне 4422 рет сынамалық жұмыстар жүргізілді.

Суармалы жерлердің мелиоративтік жай-күйін бағалау кезінде негізінен гидрогеологиялық және топырақ-мелиоративтік көрсеткіштер есепке алынды, яғни жерасты сулары деңгейінің (ЖСД) орналасу тереңдігі және оның минералдануы, сондай-ақ топырақ жамылғысының тұздану дәрежесі ескерілді.

Кестеде «КГТМЭ» – барлық қызмет ету аймағы бойынша суармалы жерлердің мелиорациялық жай-күйі туралы ақпарат келтірілген.

Жалпы, мелиоративтік мониторингпен бақыланатын суармалы жерлерде, жоғарыда кестеде көрсетілген барлық облыстарда ең өмірлік қажетті және жоғары рентабельді (дәнді дақылдар, көкөніс-бақша, майлы дақылдар, жеміс-жидек) ауыл шаруашылығы дақылдары өсірілетінін атап өту қажет. Осыған байланысты, мелиорациялық жағдайы қанағаттанарлықсыз суармалы жерлерді жақсарту Қазақстан Республикасының азық-түлік қауіпсіздігінің өзекті мәселесі болып табылады.

Мелиорациялық жағдайы қанағаттанарлықсыз суармалы жерлерді жақсарту, сондай-ақ олардың құ-

нарлығын сақтау және арттыру үшін жерді мелиорациялау саласындағы ғылыми негізделген ұсынымдар мен әзірлемелердің негізінде мынадай мелиорациялық іс-шараларды орындау ұсынылады.

- жалпы ауданы 58,5 мың га жерасты сулары деңгейінің (0-2 метр) рұқсат етілмейтін тереңдігі бар нашар жерлерде фильтрация шығындарын азайту және аумақтың дренаждарын жақсарту мақсатында суару және коллекторлық-дренаждық желінің реконструкциялау маңызды;

- қыс мезгілінде жалпы ауданы 29,3 мың га орташа және күшті тұздану дәрежесі бар жерлерде қолданыстағы дренаж аясында топырақтың механикалық құрамына байланысты күрделі шаю жүргізілуі ұсынылады;

- жалпы ауданы 89,1 мың га тұздану дәрежесі орташа жерлерде көктемгі кезеңде қолданыстағы дренаж аясында 2,5-тен 4,0 мың м<sup>3</sup>/га дейінгі нормалда (топырақтың механикалық құрамына байланысты) ылғал зарядтау және (профилактикалық) шаю жұмыстарын жүргізу өте өзекті;

- жалпы ауданы 33,9 мың га бетінің жоғары еңісі (>0,05) жерлерде эрозияға қарсы іс-шаралар жүргізу, яғни ұсынылған ауыспалы егіс пен суару техникасын сақтау (суару ағыны = 0,01 - 0,02 л/с, арық ұзындығы = (30-50 м), әсіресе суды үнемдейтін суару технологиясы бар жабық желі бойынша машиналық су беруді қолдану арқылы-тасымалданатын суару шлангілері, тамшылатып, жаңбырлатып, топырақ ішімен суару сияқты әдістерді қолдану ұсынылады;

- сумен қамтамасыз етілуі төмен барлық жерлерде және тұтастай алғанда су ресурстарының жылма-жыл қалыптасып жатқан тапшылығын ескере отырып, ауыл шаруашылығы дақылдарын суарудың су ресурсын үнемдейтін тәсілдері мен технологияларын енгізу, сондай-ақ суаруға коллекторлық-дренаждық суларды ішінара қайта пайдалану (араластырусыз 2 г/л дейін минералдану) бойынша саясатты белсенді жүргізу қажет және оларды тұтыну суару суымен араластыру пропорцияларын сақтау арқылы суғару ұсынылады;

- ұйымдастыру-шаруашылық себептер бойынша пайдаланылмайтын суармалы жерлерді тарту үшін уақыт талаптарын ескере отырып, мемлекеттік қолдау шараларын үнемі жетілдіріп отыру қажет.

- ауыл шаруашылығы ғылымын жанарту, мәліметтерді цифрландыру және ғылыми сүйемелдеу мен далалық және оқыту семинарларын тұрақты, жүйелі түрде ұйымдастыру аса маңызды.

Бұдан басқа, су-жер ресурстарын ұтымды пайдалану және елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алқаптарын әртарапандыру, әсіресе ылғал сүйгіш ауыл шаруашылығы дақыл алқаптарын қысқарта отырып және оларды суды аз тұтынатын, рентабельділігі анағұрлым жоғары, экономикалық тиімді (техникалық, жем-шөп, көкөніс-бақша, майлы және жеміс-жидек, т.б.) ауыл шаруашылығы дақылдарын ауыспалы егіс жүйесіне орналастыру сияқты жұмыстар өзекті болуда.

**О.С.БАЙМАХАНОВ,**  
«Қызылорда гидрогеологиялық-мелиоративтік экспедициясы» РММ-жетекші орынбасары

### Суармалы жерлердің мелиорациялық жай-күйі, мың га

| Облыс атауы     | Суармалы жерлердің көлемі | жақсы        | Оның ішінде мелиорациялық жағдай бойынша қанағаттанарлықсыз |                       |                                 |                  |             |
|-----------------|---------------------------|--------------|---|-----------------------|---------------------------------|------------------|-------------|
|                 |                           |              | қанағаттанарлық   | Оның ішінде себептері |                                 |                  |             |
|                 |                           |              |   | Барлығы               | Рұқсат етілмеген тереңдік (ЖСД) | Топырақ тұздануы | Батпақтану  |
| Қызылорда       | 265,3                     | 117,7        | 89,1  | 58,5                  | 7,7                             | 16,8             | 33,9        |
| Ақтөбе          | 30,3                      | 22,7         | 7,6   | -                     | -                               | -                | -           |
| Атырау          | 21,8                      | -            | 10,9  | 10,9                  | -                               | 10,9             | -           |
| Батыс Қазақстан | 55,8                      | 36,3         | 19,5  | -                     | -                               | -                | -           |
| Маңғыстау       | 2,3                       | -            | 0,7   | 1,6                   | -                               | 1,6              | -           |
| <b>Барлығы</b>  | <b>375,5</b>              | <b>176,7</b> | <b>127,8</b>  | <b>71,0</b>           | <b>7,7</b>                      | <b>29,3</b>      | <b>33,9</b> |

## Хабарландыру

«ҚазГермұнай» БК ЖШС 23.10.2023ж. Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Теренөзек кенті, Д.Қонаев көшесі, 8, Теренөзек кентінің Мәдениет үйінде, уақыты – сағат 11.00-де «Нұралы кен орны игеру жобасына қосымша» жобасына арналған «Ықтимал әсерлер туралы есеп» жобасы бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды.

Қоғамдық тыңдауға ZOOM платформасында бейнеконференция арқылы онлайн режимінде қосылу сілтемесі: <https://kmg-kz.zoom.us/j/95777577446?pwd=RlFtQ1o3TlZm-bHRlNWF001K3NlUT09>

Конференцияның Идентификациялық коды: 957 7757 7446,

Қолжетімділік коды: 973552  
Тапсырыс беруші – «ҚазГермұнай» БК ЖШС, 120018, Қызылорда қ., Тасбөгет кенті, Амангелді көшесі, 100.

Жобаны әзірлеуші – «КМГ Инжиниринг» ЖШС АФ, 060097, Атырау қ., Нұрсая ықшам ауданы, Елорда даңғылы, 10. эл. адрес: atyrau@kmg.kz; m.abir@kmg.kz; тел.: 8(7122) 305412, 305443.

Жоба бойынша құжаттама БЭК-те esportal.kz сайтында орналас-тырылған.

Жергілікті атқарушы орган – «Қызылорда облысының табиғи ресурстар және реттеу басқармасы» ММ, пошталық мекен-жайы: Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, 120003, Сұлтан Бейбарыс көшесі, №1, электрондық мекен-жайы: prd@korda.gov.kz, тел.: 8 (7242)-60-53-62.

Ескертулер мен ұсыныстар төмендегі электрондық мекен-жайлар бойынша қабылданады: prd@korda.gov.kz, <https://www.gov.kz/presleket/entities/kyzylorda-tabigat/press/article/1?lang=kk>, Esportal.kz.

Қосымша ақпаратты мына мекен-жай бойынша алуға болады: m.abir@kmg.kz тел.: 8 (7122)-30-54-43.

## Қызылорда қаласына қарасты елді мекендердің тұрғындарының назарына!

12.09.2023 жылы Ақсуат, Ақжарма, Талдыарал, Иіркөл елді мекендерінде;  
13.09.2023 жылы Белкөл кенті, Бірқазан елді мекенінде;

14.09.2023 жылы Абай, Досан, Қарауылтөбе елді мекендерінде;

15.09.2023 жылы Қараөзек, Айнакөл, Талсуат елді мекендерінің ауызу жүйелерінде жоспарлы күзгі жуу-шаю және залалсыздандыру жұмыстары жүргізілуіне орай, осы уақытта су құбырынан ауыз-суды пайдалануға болмайтындығын ескертеміз.

**Анықтама тел.: 8(7242) 70-08-54.**

«Арал» СЖКБД филиалының «Қызылорда қаласының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесі

## ХАБАРЛАНДЫРУ

Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы ҚР Заңының 43-бабы негізінде «А.Тоқмағамбетов Жер» ЖШС 2023 жылғы 09 қазан күні сағат 16.00-де А.Тоқмағамбетов ауылының мәдениет үйінде кезектен тыс жиналыс өтетінін хабарлайды. Күн тәртібінде:

- Серіктестіктің жалпы жиналыстарының шешімдерін бекіту және күшін жою туралы мәселе бойынша.

Жиналысқа қатысушылардың қворумы жинал-маған жағдайда кезектен тыс жиналыс 2023 жылдың 10 қазан күні сағат 16.00-ге шақырылады.

«А.Тоқмағамбетов Жер» ЖШС-ның атқарушы органы

## Хабарландыру

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2021 жылдың 25 қаңтардағы №4360-20-00-2/1849 шешімімен «ШАДД» кредиттік серіктестігі» ЖШС таратылатынын хабарлайды.

Барлық сұрақтар бойынша мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда облысы, Арал ауданы, Арал қаласы, Жанқожа батыр көшесі №26, байланыс тел.: +77025062645.

## Қызылорда облыстық мәслихатының 2016 жылғы 10 ақпандағы № 352 «Әлеуметтік маңызы бар қатынастардың тізбесін айқындау туралы» шешіміне толықтырулар енгізу туралы

Қызылорда облыстық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Қызылорда облыстық мәслихатының 2016 жылғы 10 ақпандағы № 352 «Әлеуметтік маңызы бар қатынастардың тізбесін айқындау туралы» шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5402 болып тіркелген) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасында:

Әлеуметтік маңызы бар қатынастардың тізбесі мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 49, 50, 51, 52-қолдармен толықтырылсын:

|     |   |
|-----|---|
| 49. | Теренөзек кенті, «Мирас» дүкені – орталық емхана    |
| 50. | Теренөзек кенті, Б.Момышұлы көшесі – орталық емхана |
| 51. | Теренөзек кенті, № 131 орта мектеп – «Соутс Ойл»    |
| 52. | Іңкәрдария ауылы – Теренөзек кенті                  |

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Лауазымы Аты-жөні

## О внесении дополнений в решение Кызылординского областного маслихата от 10 февраля 2016 года №352 «Об определении перечня социально значимых сообщений»

Кызылординский областной маслихат РЕШИЛ:

1. Внести в решение Кызылординского областного маслихата от 10 февраля 2016 года № 352 «Об определении перечня социально значимых сообщений» (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов под № 5402) следующие дополнения:

в приложении к указанному решению:

Перечень социально значимых сообщений дополнить строками, порядковыми номерами 49, 50, 51, 52 следующего содержания:

|     |   |
|-----|---|
| 49. | поселок Теренозек, магазин «Мирас» – центральная поликлиника  |
| 50. | поселок Теренозек, улица Б.Момышұлы – центральная поликлиника |
| 51. | поселок Теренозек средняя школа №131 – «Соутс Ойл»            |
| 52. | село Инкардария – поселок Теренөзек                           |

2. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня первого официального опубликования.

Должность ФИО

## НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ, АУКЦИОН!!!/ВНИМАНИЕ, АУКЦИОН !!!

«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АҚ «15» қыркүйек 2023 жылы ұлғайту және төмендету / АО «БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» проводит торги по продаже залогового имущества «15» сентября 2023 года на повышение и понижение.

| № р/п п/п | Объектінің атауы/Наименование объекта | Орналасқан орны/Место нахождения  | Кепіл мүлкінің сипаттамасы/Описание и характеристика залогового имущества   | Бастапқы бағасы / Стартовая цена | Кепілдік жарна/ Гарантийный взнос |
|-----------|---------------------------------------|---|---|----------------------------------|-----------------------------------|
| ЛОТ 1.    | Жилрой дом/ тұрғын үй                 | г. Қызылорда, мкр Арай, ул.Хорасан-ата д.67<br>Қызылорда қаласы, Арай мөлтек ауданы, Хорасан-ата көшесі 67 үй | общей площадью – 170 кв.м., жилой площадью – 85,2 кв.м., на земельном участке общей площадью – 0,06 га/жалпы алаңы – 170 ш.м., оның ішінде тұрғын алаңы – 85,2 ш.м., жер телімінің жалпы алаңы – 0,06 га. | 32 031 038 тенге/тенге           | 1 601 551,90 тенге /тенге         |

Аукционға қатысу туралы өтініштер хабарландыру жарияланған күннен бастап қабылданады және Қызылорда қ., Токмағанбетов көшесі 46 мекен-жайы бойынша орналасқан «Банк ЦентрКредит» АҚ-та сауда-саттық өткізуден бір күн бұрын аяқталады.

Сатып алу бағасы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолданыстағы бағамы бойынша келесі мәліметтер бойынша сауда-саттық аяқталғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде БИН 910141000018, БИК КСЖВКЗКХ, ИИК КЗ218560000000274901.

Сауда-саттық өткізілетін орын – Қызылорда қ., Токмағанбетов к., 46.

Сауда-саттық басталатын уақыт ЛОТ 1 – 15 сағат 00 минут.

Сенімді тұлға – Туякбаева А.А.

Аукцион туралы қосымша ақпаратты телефон арқылы алуға болады: 8 (7242) 55-18-88, ішкі 79007. 87774053989

Заявки на участие в аукционе принимаются со дня опубликования объявления и заканчиваются за день до проведения торгов по адресу: г. Кызылорда, ул. Токмағанбетова 46, в АО «Банк ЦентрКредит».

Покупная цена оплачивается в тенге по текущему курсу Национального Банка Республики Казахстан в течение 5 (пяти) рабочих дней после проведения торгов по реквизитам БИН 910141000018, БИК КСЖВКЗКХ, ИИК КЗ218560000000274901.

Место проведения торгов – г. Кызылорда, ул. Токмағанбетова 46.

Начало торгов: ЛОТ 1 – 15 часов 00 минут.

Доверенное лицо – Туякбаева А.А.

Дополнительную информацию по аукциону возможно получить по тел.: 8 (7242) 55-18-88, вн. 79007.

87774053989

## НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ, АУКЦИОН!!!/ВНИМАНИЕ, АУКЦИОН !!!

«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АҚ «18» қыркүйек 2023 жылы ұлғайту және төмендету / АО «БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» проводит торги по продаже залогового имущества «18» сентября 2023 года на повышение и понижение.

| № р/п п/п | Объектінің атауы/Наименование объекта   | Орналасқан орны/Место нахождения   | Кепіл мүлкінің сипаттамасы/Описание и характеристика залогового имущества   | Бастапқы бағасы / Стартовая цена | Кепілдік жарна/ Гарантийный взнос |
|-----------|---|--|---|----------------------------------|-----------------------------------|
| ЛОТ 1.    | 3-х комнатная квартира/ 3 бөлмелі пәтер | г. Қызылорда, ул.Айтеке би д.26, кв.9<br>Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі 26 үй, 9 пәтер | общей площадью – 49,6 кв.м., жилой площадью – 35,2 кв.м., жалпы алаңы – 49,6 ш.м., оның ішінде тұрғын алаңы – 35,2 ш.м. | 9 403 069 тенге/тенге            | 470 153,45 тенге /тенге           |

Аукционға қатысу туралы өтініштер хабарландыру жарияланған күннен бастап қабылданады және Қызылорда қ., Токмағанбетов көшесі 46 мекен-жайы бойынша орналасқан «Банк ЦентрКредит» АҚ-та сауда-саттық өткізуден бір күн бұрын аяқталады.

Сатып алу бағасы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолданыстағы бағамы бойынша келесі мәліметтер бойынша сауда-саттық аяқталғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде БИН 910141000018, БИК КСЖВКЗКХ, ИИК КЗ218560000000274901.

Сауда-саттық өткізілетін орын – Қызылорда қ., Токмағанбетов к., 46.

Сауда-саттық басталатын уақыт ЛОТ 1 – 15 сағат 00 минут.

Сенімді тұлға – Туякбаева А.А.

Аукцион туралы қосымша ақпаратты телефон арқылы алуға болады: 8 (7242) 55-18-88, ішкі 79007. 87774053989

Заявки на участие в аукционе принимаются со дня опубликования объявления и заканчиваются за день до проведения торгов по адресу: г. Кызылорда, ул. Токмағанбетова 46, в АО «Банк ЦентрКредит».

Покупная цена оплачивается в тенге по текущему курсу Национального Банка Республики Казахстан в течение 5 (пяти) рабочих дней после проведения торгов по реквизитам БИН 910141000018, БИК КСЖВКЗКХ, ИИК КЗ218560000000274901.

Место проведения торгов – г. Кызылорда, ул. Токмағанбетова 46.

Начало торгов: ЛОТ 1 – 15 часов 00 минут.

Доверенное лицо – Туякбаева А.А.

Дополнительную информацию по аукциону возможно получить по тел.: 8 (7242) 55-18-88, вн. 79007.

87774053989

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru



АПЫРАЙ-Ө!

## ЖАРГОННАН ЖАЛЫҚҚАН ЖОҚСЫЗ БА?

**Сb** Айдар САЙЛАУОВ,  
«Сыр бойы»

Тіл құндылығы биігінен аласармас үшін таңғы шықтай тұнық тазалығына кір жұғып кетпейуі тиіс. Ал біз сөйлеу мәдениетіміз нағыз қазақтың қалыпты тілі деп айта аламыз ба? «Қазақ – бауырмал халық» деп ұрандатқандар елдің ділі ғана емес, тілі де бауырмал болып бара жатқанын сезсе керек. Себебі тіліміз түрлі неологизмдерді өзіне тез енгізе, архаизмдеріміз рухани езгінің астында ұмытылып қалып жатыр десек, жалған емес. Сөздік қорымызға еніп жатқан түрлі терминдер де қазақшаға аударылмай, бірден қолданысқа енуі де қазақ тілінің аясын біртіндеп тарылып келе жатыр. Әдетте бұрынғымен салыстырып жатамыз. Орыс тіліне иммунитеті бар кезде, бір жағы тілге құрметі болар, өткен ғасыр басында бабаларымыз тілге жаңа орыс сөзі енетін болса, оны сол күйінде бүгінгідей сайрай жөнелмей, қазақшаға аударып, «тіл сіндырып», қазақша науқышқа келтіріп қолданған. Мысалы, «көтеңке», «самаурын», «төрелке», «кереует», «жәшік», «мәшік», «бөтелке» деу арқылы тіл тазалығын сақтауға тырысқан.

Бүгінде тіліміздің бүлінуі белең алып, шұбарлануына орыс тілі аз болғандай, жаргон сөздер де жағадан алып барады. Негізі жаргон әлеуметтік диалект болып саналады. «Айналымдарды ерекше лексикамен және фразеологиямен, экспрессиялықтың әңгіме аралық тілден және сөз жасау құралдардың ерекше қолдануымен айырмашылықтары болады, алайда меншікті фонетикалық және грамматикалық жүйеге ие болмайды» деп, ғылыми түрде түсініктеме беріліп жүр. Бірақ, жаргон сөздер – жастар арасында ауызекі сөйлеуде жиі тараған әдеби маңағынасы жоқ үйлесімсіз сөздер. Кейбірі құлаққа түрпеді тиіп, кейбірі тіпті дәрекі естіледі. Қыжылтарлығы, қазақ жастары жаргон қосып сөйлеуді сан қылып алған. Өздерінің тілінде айтқанда, жаргон қосып сөйлесеміз «колхозсыз», қосып сөйлесеміз, қазақтың қара сөзі ала шұбарланады.

Бұл ғана емес, осы секілді сөздер барлық сала өкілдерін дендеп келеді. Нақтырақ болу үшін жаргон сөздерді мынадай топтарға бөліп қарастырсақ болады. «Әскери жаргон», «Журналистік жаргон», «Компьютер сленг», «Жастар сленг», «Радиоэуэской жаргоны», «Сленг нашакор», «Футбол бұзақыларының сленг», «Қылымстық жаргон». Осылардың ең көп таралғаны және ең қауіптісі болып тұрған осы – жастар сленгі.

Бір мысал келтірейік. Біз тарихтағы бабаларымыздың ерлігін суреттегенде ұмытылып бара жатқан тарихи сөздерді қосып, дуалы әңгімелердің майын тамызып тұрып айтамыз. «Әбілмансұр жонғардың басын сұрапыл соғыста қаймықтастан атаға кеткен кекті қайтарам деп қылышын қанға суарған. Жонғар қонтайшысының басын шапқанда күллі қазақ «Аруақ, аруақ» деп айқайлады» дейіні әсерленіп. Ал, енді қараңыз, бүгінгі ұрпақ бүгінгі өмірді суреттеу үшін бірнеше жылдан кейін қандай теңеулер айтатынын елестетіп көріңізші. Сол жастардың әңгімесі меніңше мынадай болатын сияқты. «Менің аташканың басын кетірген де ол «тема не тема айт-шиш шешу үшін жүрік қой» деп, қрышасы келген. Менің аташканың «миді шірітпей, ей қуғынбай, өзін шешем» деді де, кінәлі адамды сағыздай шайнап тастаған. Сонда қрышасы «базар жоқ», «базар жоқ» жарайсыңын айтып, оларды орнына қойып тастаған. Сосын анау кінәлі болғасын аташканы оны сұңыққа жұмсап жіберген» деп тұратын секілді.

Енді салыстырыңыз, қайсысы құлаққа жағымды, көңілге қонымды екенін. Мойындағымыз келмесе де, бүгінгі жастардың «сленг» деп отырған жаргон қосып сөйлегендері осындай.

Әр жаргон сөз өзінің түпкі мағынасынан ауытқып, басқа мағына беріп тұрады. Өз-өзін түсіндіріп тұратындары бірен-саран. Сол себепті кейбір жаргон сөздерді сіздерге ұсынып отырмын. Тек өзін ғана емес, жастардың көбі тез түсініп қоятын түпкі мағынасымен бірге. Бірінші «құлаққа лапша ілу» – өтірік айту, «маяк тастау», «гудок тастау» – қысқа ғана қонырау шалу, «тормозы ұстап қалды» – бір жағдайдан шешім таба алмай қалды, «жындыларский зат» – ыңғайсыз зат, «ботан» – зерделі адам, «тормозы ұстап қалу, зависать ету» – бөгіліп қалу, «базар жоқ» – сенімді болу, «толпамен келу» – көпшілікпен келу, «типаж болу, блатной» – өзімшіл, өркөкірек, «косякқа кіру» – ыңғайсыздыққа тап болу, «шпор жасау» – жауап парағын дайындау, «ауру» – адамға маза бермейтін адам, «қуғынбай» – артық сөйлеп кеткен, мылжын, «сасымашы» – босқа сөйлемеу, «крышасы бар» – танысы бар, қолдау көрсететін ағасы бар, не керек, осы сынды тағысы тағы толып жатқан жаргон сөздер. Жіптікей жіпке тізе берсең, түбіне жеткізбейді. Бірнеше жаргон сөздерге айтылуына қарай мағынасын ашып көрдім. Байқағымыздай, айтылуы басқаша, мағынасы басқа.

Осы орайда ойыма келгені жаргон сөздер заманауи тұрақты сөз тіркестері секілді. Тұрақты сөз тіркесі, фразеологиялық тіркес – екі немесе одан да көп сөздердің тіркесуінен жасалып, бір ұғымды білдіретін бейнелі сөздер екені әдебиет пәнінен белгілі. Тұрақты сөз тіркесінің құрамындағы сөздер өздерінің дербес мағыналарынан ажырап, жеке-дара сөздерге балама ретінде жұмсалады, олардың тіркестегі мағынасы жеке тұрғандағы мағынасына сай келе бермейді. Жаргон сөздер де солай. Тек айырмашылықтары тұрақты сөз тіркесі міндетті түрде екі сөзден кем болмайды. Ал жаргон сөз дара күйде келе береді. Тұрақты тіркестер тілге әдемі, ойлы, кейбірі астарлы, көркем күйде келсе, заманауи тұрақты тіркестер тым құнарсыз, қанықтық жоқ, өзге елдің тілдері шұбарланған, көбінесе ауызекі сөйлеуде ғана кездеседі. Өрине, қазақтың алтынға бергісіз, бабасынан қалған тұрақты сөз тіркесі жаргон сөздермен салыстыруға да тұрмайды дерсіз, бірақ әр дәуірдің өз әдебиеті болады. Бүгінгінің әдебиеті болашақта жаргон сөздермен былғанып кетпеуіміз керек. Бұрынғылар керемет тұрақты тіркестерді тауып айтып кетті. Ал сіз «болашақта жаргон сөз қалдырып бара жатырмын» деп ойламайсыз ба?

Осының бәрі ойландырады, «паразит сөздер ел арасына қалай тез таралып кетіп жүр?» деген сұрақ туындайды. Жаргон сөздердің қалай пайда болатыны бәрі сұрақ. Бір көзі, ел арасына «сленг» сөздер әзіл-оспақ қойылымдары арқылы танылып кетіп жатады. Оған мысалдар да көп. Серилал мен театрлардың әр әзілі ел ішінде жаргон ретінде айтылып жүр. «Жайдарман» жастары да әзіл арасында жаргон айтып тұрғандарын өздері байқамай қалып жатады. Халықты тәрбиелейтін бір орын сахна мен кино болғандықтан, әр сөз өз орнымен қолданылуы шарт және оны қатаң бақылауда ұстамасақ, қалыпты тіліміздің өзі шала, шұбар күйге ұшырай беретіні хақ. «Тілін білмейтіндер емес, тілін білгісі келмейтіндер – мәңгірт» деген мақал бар. Қазақтың мәңгірті онсыз да аз емес. Солардың қатары көбімесін десек, жаргон қосып сөйлеудің кең етек алып кетуін осы бастан тыюмыз керек.

БӨРЕКЕЛДІ!

## ЖЕРЛЕСІМІЗ ЖҮЛДЕГЕР АТАНДЫ



КӘСІП

### «Honeymoon»-тің балдай тәттілері



**Сb** Айнұр БАТТАЛОВА,  
«Сыр бойы»

Шиеліде «Honeymoon» кондитерлік дүкенін білмейтін адам жоқ. 2020 жылы әпкелі-сінділі екі қыз – Жаная мен Назеркені арманынан туындаған бизнес бүгінде өркен жайып келеді. 2019 жылы Астанада жұмыс істеп жүріп екеуі кондитерлік мастер-кларгара қатысады, тәжірибе жинақтайды. Карантин уақытында үйренгендерін сынақ ретінде жасап көреді.

– Пандемия кезінде үйге қамалып отырдық. Сол кезде үйренгендерімізді тәжірибе жүзінде жасап көруге мүмкіндік туды. Шиеліге үлкен максатпен оралдық. Жаймендеп іске кірістік, идеяларымызды дамытып, карантиндік шектеулер босансағанда кішігірім дүкенді жалға алып, бір бөлмесінен шағын цех аштық. Небәрі 55 шаршы метр жерде жұмысымызды бастадық. Біріміз пісіріп, екіншіміз оны сатып, екеулеп жүріп күніне 5-6 төрт өткізетінбіз. Осылайша аз уақытта 30-50 мың теңге ақша айналыммен жасадық, – дейді Назерке Имантаева.

2020 жылдың аяғында мемлекеттен 505 мың теңге көлемінде қайтарымсыз грант ұтады да оған пеш пен араластырғыш құрал сатып алады. Жаная мен Назеркенің тәттілері тұтынушыларға ұнайды, есесіне өнім көлемі де арта түседі. Осының негізінде 2021 жылдың күзінде аумағы 140 шаршы метр цех соғып, жұмысын сол жерде жалғастырады. Быыл күніне шамамен 20-30 тортқа дейін пісіріп сатты, нан өнімдері, тәттілер түрін де көбейтті. Француз бұлоқасы, самса, бөліштің түр-түрі осы «Буфетта» цехында пісіріліп, «Honeymoon» дүкендер желісінде сатылуда. Бүгінде 10-нан астам адамды жұмыспен қамтып отыр. Кәсіпкер күндізгі және түнгі ауысуда жұмыс істеу жүйесіне көшкенін, алайда бос орынға жұмысшы таппай отырғанын айтады. Торт пісіруден еш хабары болмаса да ниеттеніп келген жандарды өздері оқытып, үйретіп алатынын айтады.

– Қазіргі мәселе бос жұмыс орындарына адам табу болып тұр. Жұмыспен қамтуда үйлестіру бөлімімен үнемі байланысып отырамыз, бірақ мәселе шешілмейді. Бізде жұмысшыларға айлық жақсы төленеді. Торт пісіруден еш хабары болмаса өзіміз оқытамыз, үйретеміз. Күн өткен сайын біздің өнімдерімізге сұраныс жоғарылауда. Сондықтан күндізгі және түнгі ауысымда жұмыс істеуге көштік. Бірақ жұмысшылар жетіспейді. Фастфуд, нан өнімдерінің түрлерін көбейттік, өйткені жақсы сатылады. Мысалы, біз пісірген француз бұлоқасын жұрт таласып алады. Күніне 350-ге жуық данасын сатамыз. Енді соны 600-650-ге дейін арттырсақ деген ойымыз бар. Бірақ негізгі фишкамыз – торттар, – дейді Назерке.

Айтпақшы, дүкеннің атын неге «Honeymoon» қойғанын сұрадық.

– «Honey» – балдай, ал «mood» – көңіл-күй дегенді білдіреді. Кейде үйде отырғанда аяқастынан тәттімен шәй ішкіміз келеді ғой. Әсіресе әйел адамдар көңіл-күйімізде өзгерістер болғанда тәтті жеп, шәй ішіп рахаттанамыз ғой, сол сезімді білдіргіміз келді. Негізі жеке кәсіпкерлік «Honeymoon-Балдай» деп аталады. Өйткені қазақшасы болсын деді, сондықтан балдай деп қостық, – дейді кәсіпкер.

Таяуда жер жәннаты Жетісуда детектив жанрының шебері, жазушы, журналист, майдангер Кемел Тоқаевтың 100 жылдық мерейтойы өтті. Қасиетті Қаратал өңірінде ірге жайған ұлан-асыр тойға халық көп жиналды. Қазақ күресі, ұлттық ойындар жұртшылықты серпітті. Әсіресе аламан бөйге ағайынның рухын бір көтерді. Сондай-ақ талантты қаламгердің құрметіне әдеби бөйге де ұйымдастырылды.

**Сb** Мадияр ТӨЛЕУ,  
«Сыр бойы»

Ең маңызды проза байқауында бас жүлдені астаналық Абай Аймағамбет еншілесе, 1-орынды Самал Шаймерденова жеңіп алды. Ал екінші орынды «Кешігіп ашылған қылмыстар» әңгімесі үшін жерлесіміз Нұрлыбек Саматұлы ұтса, үшінші орынды Заря Жұманова еншіледі. Сонымен қатар публицистика жанры бойынша да үздіктер марапатталды.

Алматы облысының орталығы Қапшағай қаласына ұлт зиялысы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Д.Қонаевтың есімі берілгені ел тарихындағы ерекше оқиғаның бірі болғаны рас. Бүгінде қалада рухани-танымдық бағыттағы іс-шараларға басымдық берілген. Сондай келелі жиынның бірі – Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі, Мәдениет қайраткері, Арал, Қазалы аудандарының құрметті азаматы Бегімбай Ұзақбаевтың «Байқазақ» атты кітабының тұсаукесері өтті.

## ҚОНАЕВ ҚАЛАСЫНДАҒЫ КЕЗДЕСУ

Алматы облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының қолдауымен жүзеге асырылған «Тарихтан тағмыл тұтқан қаламгер» атты әдеби-танымдық іс-шараның мақсаты – екі өңір арасындағы мәдени, рухани байланысты нығайтып, қалам иелерінің қажырлы еңбегін насихаттау.

Жиында жазушы Б.Ұзақбаевтың жуырда оқырманға жол тартқан «Байқазақ» атты кітабының мазмұны жайлы сөз қозғалды. Қаламгер еңбегіне филология ғылымдарының докторы, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері Мырзабергел Малбақұлы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Жұмахан Қожағұлов, Алматы облысы Ардагерлер ассамблеясының төрағасы Амангелді Беспиев, Алматы облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының бөлім басшысы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын, композитор Төлеужан Ғұмар сынды ғалымдар мен шығармашылық өкілдері ой-пікірлерін білдірді.

Ақын, «Желтоқсан ақиқаты» республикалық қоғамдық бірлестігі Алматы облыстық филиалының төрағасы, ҚР еңбек сіңірген қызметкері Ізтілеу Тойшыбайұлы және бірқатар қаламдестері кітап авторын құттықтады.

Жазушы Бегімбай Ұзақбаевтың «Жалаңтөс», «Сартай бағыр», «Байзақ», «Марал баба», «Сопы әзіз», «Алдаспандар рухы», «Қарабура», «Байқазақ» тарихи романдары және 17 прозалық кітабы Сыр өңірі руханиятына салынған сүбелі олажа болды. Айта кетейік, биыл 75 жасқа толған мерейтой иесін облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қабылдап, Қызылорда облысының Құрмет грамотасын табыстады.

«Сb» ақпарат

## ТҰЛҒАСЫ БИІК АЗАМАТ ЕДІ



Бүгін елдің аптал азаматтарының бірі, Қармақшы ауданының тумасы, саналы ғұмырын мемлекеттік қызметке арнап, еңбегінің зейнетін көрер жасында дүниеден өткен абаз ағамыз Аманбай Нұржановты сағынышымен еске алып отырмыз.


«Дүние ойлап тұрсаң шалақ екен, адамдар бір-біріне қонақ екен» деген халық даналығы қандай да айтпақшы. Аманбай Исағайұлы туралы өткен шақта сөйлеу кімге де болса ауыр тиері анық.

Қармақшы ауданында туып, еңбек жолын да ауылдан бастаған қызметтің сан сатысынан өткен азамат еңбегін ел болашағына арнап, барлық білімін, тәжірибесін сол жолға жұмсады. Сөзі мен ісінде алшақтық болмайтын, қойылған мақсатқа жетер жолда өзін де, өзгені де аямайтын. Ол өмірінің соңғы жылдарында облыстық мәслихатта жұмыс істеп, зейнеттік демалысқа шықты. Халық қалаулыларымен бірлесіп бірлескен он шешілуіне ықпал етті. Оның елге болсын деген адалдығы өз алдына бөлек әңгіме. Уақыт емші дегенмен, ондай тұлғасы биік жанды жүретін сыздамдай еске алу мүмкін емес тәрізді. Тек қызметте емес, отбасында да ардақты, мақтаулы жар, әке, ата бола білді. Бауырларына, ағайын-туыс, жақандарына деген жанашырлығы, жомарттығын сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес шығар.

Кеше ғана арамдыда жүрген ағамызды көрмегелі де 100 күн өтіпті. Жатқан жері жарық болып, жанына жаннаттан орын тисін, нұры пейіште шалқысын дейміз. Аманбай ағамызды білетіндердің есінде жаны жайсаң, еңбеккер, мамандығына адал, жұмысына берілген, үлкенге лайықты іні, кішіге құрметті аға бола білген азамат ретінде сақталатыны күмәнсіз.

Халқымызда «Орнында бар оңалар» деген сөз бар. Ардақты азаматтың артында онегелі іс те, ұлағатты із де қалды. Біз үшін тұлғасы биік азамат арамдыда болмаса да есімі жадымызда жаңғыра береді.

Сағына еске алушы үзегіңізсіз інілері Саттар Әбдіреев, Ержан Байкетеев, Әлібек Есенов, Рамазан Әбдіраманов



Ашық дереккөзден алынды.

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі  
**СЫР**  
**МЕДИА**

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР

Аманжол ОҒАРБАЕВ

қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР

Қуат ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)  
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:

руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)

экономика – 40-11-10 (1038, 1033)

әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)

жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)

есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38

компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10

(1036, 1035)

https://twitter.com/syrboyi

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті

ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015)

«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирланған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

«Ақ» - ақылы қызмет.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

www.instagram.com/syrboyi\_kz

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.